

ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

JOURNALISM Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

№4(129)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Қайрат Сак**
филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Серік Тахан** *филол. ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*
Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

Редакция алқасы

Алдабергенов Қырықбай	т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әшірбекова Гүлмира	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақп	т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Сердәлі Бекжігіт	ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Есдәулетов Айтмұханбет	ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия Касапоғлы	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,
тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**
Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Serik Takhan** *Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)*
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

Editorial board

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Ashirbekova Gulmira	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzyaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saudbayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Yesdauletov Aitmukhanbet	Candidate of Philology, Associate Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya Kasapoglu	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, K. Satpayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

Главный редактор: **Кайрат Сак**
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора: **Серик Тахан** доктор филологических наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора: **Гульнар Кендирбай PhD** (США)

Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Аширбекова Гульмира	к. ф. н., доцент (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматай	к. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	к. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Есдаулетов Айтмуханбет	к.ф.н., доцент (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	к. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия Касапоглу	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	д.ф.н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	к. искусств. н., доцент (Казахстан)

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 25 экземпляров.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

Мазмұны

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ

Баткеева Б.Т. Қошке Кемеңгеров көсемсөзінің сыншылық ерекшеліктері **8-13**

ӘЛЕМ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ

Текенова Ә.М. Расталмаған ақпаратты құқықтық реттеу: әлемдік және отандық тәжірибесі **14-21**

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Жұманбекова Н.З., Рыспаева Д.С. Әлеуметтік желілерде «мәдениет» түсінігін жүзеге асырудың тілдік ерекшеліктері **22-31**

Маркабаева Г.Т., Жусупова А.М., Султанбаева Г.С. Қазақ тілді БАҚ: аудитория талғамы контекстінде **32-38**

Тергембаева К.І. Экстремалды жағдайдағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі **39-45**

Тулебаева С. Медиабілім берудің теориялық негіздері мен мәселелері **46-51**

Раджабов А.Р. Қоғамдық пікір БАҚ-тың әлеуметтік сұранымының индикаторы ретінде **52-59**

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

Алдабергенова Ж.Ж. Телевизиялық таңғы бағдарламалардың форматтық ерекшеліктері **60-64**

ЖАҢА МЕДИА

Есенбекова Ұ.М. Трансмедиалық жобаларды жоспарлау мен монетизациялау өлшемдері **65-70**

Қутпанбаева Ж., Қадырова Г.Р., Байгожина Д.О. Ақпараттық кеңістіктегі коммуникативті стратегиялар мен қолдану технологиялары **71-79**

Қожахметова Л.Т. Қазақстан масс-медиясындағы цифрлық технологиялар **80-87**

Contents

HISTORY OF JOURNALISM

<i>Batkeyeva B.T.</i> Features of Criticism in Koshke Kemengerov's Journalism	8-13
-------------------------------------------------------------------------------------	------

WORLD JOURNALISM

<i>Tekenova A.M.</i> Legal Regulation of Information Inexacte: World and Domestic Experience	14-21
----------------------------------------------------------------------------------------------------	-------

THE MEDIA AND SOCIETY

<i>Zhumanbekova N.Z., Ryspaeva D.S.</i> Features of the language implementation of the concept of «culture» in social networks	22-31
<i>Markabayeva G.T., Zhusupova A.M., Sultanbaeva G.S.</i> Kazakh-Language Media in the Context of Audience Preferences	32-38
<i>Tergembayeva K.I.</i> The Role of Mass Media in Extreme Situations	39-45
<i>Tulebayeva S.K.</i> Theoretical Foundations and Problems of Media Education	46-51
<i>Rajabov A.P.</i> Public Opinion as an Indicator of Mass Media Social Demand	52-59

TELERADIOJOURNALISM

<i>Aldabergenova Zh.Zh.</i> Format Features of Morning Television Programs	60-64
----------------------------------------------------------------------------------	-------

NEW MEDIA

<i>Yessenbekova U.M.</i> Criteria for Planning and Monetization of Transmedia Projects	65-70
<i>Kutpanbayeva Zh., Kadyrova G.R., Baigozhina D.O.</i> Communication Strategies and Technologies in Mass Media	71-79
<i>Kozhakhmetova L.T.</i> Digital Technologies in Kazakhstan Mass Media	80-87

Содержание

ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Баткеева Б.Т.</i> Особенности критики в публицистике Кошке Кеменгерова	8-13
---------------------------------------------------------------------------------	-------------

МИРОВАЯ ЖУРНАЛИСТИКА

<i>Текенова А.М.</i> Правовое регулирование недостоверной информации: мировой и отечественный опыт	14-21
----------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------

СМИ И ОБЩЕСТВА

<i>Жуманбекова Н.З., Рыспаева Д.С.</i> Особенности языковой реализации концепта «культура» в социальных сетях	22-31
<i>Маркабаева Г.Т., Жусупова А.М., Султанбаева Г.С.</i> Казахоязычные СМИ в контексте аудиторных предпочтений	32-38
<i>Тергембаева К.И.</i> Роль средств массовой информации в экстремальных ситуациях	39-45
<i>Тулебаева С.К.</i> Теоретические основы и проблемы медиаобразования	46-51
<i>Раджабов А.Р.</i> Общественное мнение как индикатор социальной востребованности СМИ	52-59

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Алдабергенова Ж.Ж.</i> Форматные особенности утренних телевизионных программ	60-64
---------------------------------------------------------------------------------------	--------------

НОВЫЕ МЕДИА

<i>Есенбекова У.М.</i> Критерии планирования и монетизации трансмедийных проектов	65-70
<i>Кутпанбаева Ж., Кадырова Г.Р., Байгожина Д.О.</i> Коммуникативные стратегии и технологии в СМИ	71-79
<i>Кожаметова Л.Т.</i> Цифровые технологии в казахстанских масс-медиа	80-87



ХҒТАР 19.21.11

Б.Т. Баткеева

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: bakytbatkeeva@mail.ru)

Қошке Кемеңгеров көсемсөзінің сыншылық ерекшеліктері

Андатпа. Талантты жазушы Қошке Кемеңгеров әдебиет сынына да назар аударып отырған. Өз кезіндегі ақын-жазушылардың әділ бағасын беруде жаңылыспағандардың бірі - осы Қошке. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары көркем әдебиет туралы айтыстар, ой таластары нағыз қызып тұрған шақ еді. 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде әдебиет айналасындағы айтысқа Мұхтар Әуезов, Қошке Кемеңгеров, Ерғали Алдоңғаров, Әбдірахман Байділдин, Мәжит Дәулетбаев, Сәбит Мұқанов тағы да басқа белгілі жазушылар, әдебиетшілер қатысты.

Мақалада белгілі қоғам қайраткері және жазушы Қошке Кемеңгеровтың сыншылық қасиеті жан-жақты ашылып, оның еңбектеріне бүгінгі күн тұрғысынан объективті баға беріледі.

Түйін сөздер: «социалистік реализм», «пролетариат», жазушылар, ұйым, әдебиет, сын, талант, ұлтшылдық, отаршылдық, құқық, саясат, үкімет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-129-4-8-13>

Кіріспе. Сол пікірталастардың бел ортасында жүрген Қошкенің «Көркем әдебиет туралы» мақаласы, Сәбит Мұқановтың дәл осы аттас («Көркем әдебиет туралы», «Еңбекші қазақ», 1926 ж., 14, 15 қазан) мақаласына жауап түрінде жазылған. Мұнда автор Сәбиттің көзқарастарымен мүлдем келіспейді. «Алты жыл ішінде көркем әдебиет туралы не істедік дегенде, Сәбит «жөк» деп жауап береді. Сәбит өнгені көрмесе де Бейімбет пен Сәкенді көру керек еді. «Қартқожа» сияқты романды көру керек еді. Басылған пьесаларды, әңгімелерді, газет-журналдардағы өлеңдерді, әңгімелерді көру керек еді», - деп жазады.

Сәбит Мұқановтың Абай мен Ақанды ақын емес деп жаңылысқанын осы күнгі көп әдебиетшілер біледі. Бұл қателікті Қошке әдейі көрсетеді. Мұндағысы Сәбитке қатты өкпелегендігінен болса керек. Соған қарамастан Сәбит «Масаны» әжетке жаратып, «Заманды әркім билемек» деп Абайдан мысал келтіріп отыр.

Қошке де сол кездегі басқа қаламгерлердей орыс әдебиетінің өкілдерінен оқып, үлгі алды. Солардың тіліне, ой-пікіріне сүйенді. «Сәбиттің жүйесіне қарағанда оқығандары көп байлардан ақын да, жазушы да көп шығу керек еді. Тұрмыс жүзінде олай болмай тұр» деп алып, мақала авторы Луначарскийдің «Өнер-мәдениеттің бір бұтағы, мәдениет-шаруашылықтың бір бұтағы. Әдебиет өнердің бір саласы болғандықтан, түптеп барғанда шаруашылыққа байланысты» дегенін мысал етеді.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары әдебиет жөнінде әңгімелер болса «социалистік реализм», «пролетариат» әдебиеті дегендер жиі айтылатын. Көркем шығармалар тек бір жақты сарынды, бір жақты тақырыпта болуға тиісті еді. Олар: қазан төңкерісі, кедейлер тұрмысы, байлардың аяусыз қанауы.

Бай жаман да кедей жақсы болатын. Осындай қатып қалған тақырыптар үкімет талабынан туындады. Бұл талапты Қошке де, тіпті соңғы жылдарға дейін барлық әдебиетші, жазушылар да орындады. Сондықтан ол үшін біз ешкімге кінә таға алмаймыз. Осы айтқандарымыздың Қошке мақаласындағы көрінісі былай: «Октябрь төңкерісінен кейін де бұрыннан негізі бар ұлт әдебиетінің өрісі кеңейді, кемеліне жетті. Октябрь төңкерісінен бұрын бай, кедей деген жікті айырып үндеу, үгіт жүргізген оқыған топтар жоқ болатын. Оқыған атаулы отаршылдыққа қарсы ұлтшылдықты көздейтін. Ел ішін алсақ, байға қарсы наразылығын көрсеткен кедей жоқ еді. Жалдаған малайды бай басыбайлы есебінде ұстайтын, ұрып-соғатын, ақысын бермейтін. Кедей де, малай да бәрін құдайдан көретін... Кедей әдебиетінің өріс кеңейтпеуіне бас себеп: жаңа салт-сананың кемдігі, шаруашылық түрінің өзгермегендігі... Әлі де болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек».

Сын қандай болу керек? Оны қалай қабылдаған жөн?

Қошке бұл сұрақтарды да сырт айналып өтпейді. «Сынның қаттылығы бөгеу болады» деген қисынды келмейді. Сынның әкесі Нәзірдікіндей болар, сонда Сәкен бұққан жоқ. Сәкен ескі жазушы деп айтатындар болар, олай болса Самат пен Байбатыр да-ескі жазушылар. Қатты сыннан бұққан екеуі ғана... «Шегірткеден қорыққан егін екпейді», сыннан бұққан адам тоғыз қабат торқаға бөлесең де жазушы болмайды».

Жазушылар арасында ұйым құру төңірегінде де біршама әңгіме болды. Әрине, белгілі бір басқарма бар еді. Бірақ үлкен ұйым жасау-барлық қаламгерге қатысты арман. «Сәбиттің ұйым керек еді дегені дұрыс. Бірақ шаруашылық сабасына түспей, салт-санаға нысан кірмей ұйым болғанымен, өндіргені шамалы болар еді. Бұдан былай ұйым пайда келтіруінде талас жоқ». «Ұлтшылдардың тамырына балта шапқан жөн» деген ұран қаламгерлер ішінде биік ту болып көтерілді. Ал бұған бас имегендер сынға ұшырады. Солай бола тұрса да Сәбиттің Мағжан Жұмабаев туралы айтқанына Қошке қарсы тұрады. Оның ұлтшылдығына айып салудың қажеті жоқ екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ, Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовті де қорғайды.

Орыстың отары болдық, олардың бізге берген түгі жоқ десек те, олардан үйренгеніміз көп болды. Әсіресе, әдебиет саласында. Қазақтың көп ақынжазушылары орыс әдебиетінен сусындап, бүршік атып, жапырақ жайды. Оған Қошкенің мына сөздері дәлел. «Оян қазақ» алғашында шыққан Грибоедовтың «Горе от умасындай» болған... Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы», «Бедная Лиза» сияқты болған. Міржақып Дулатовтың атын алты алашқа таратқан «Оян қазақ» өлеңі болатын. Бұл жөнінде Қошке: «Оян қазақты» ел қазақтары құрандай жаттаған», - дейді.

«Сәбиттің ойынша ақын тегінде: үйренумен, атақты жазушылардан үлгі алумен суретті болатын көрінеді». Қошке бұл пікірге де үзілді-кесілді қарсы. Айтқан айғақтары да дәл. «Мен де (мақтанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен таныспын. Өлең жазу әдісін де білемін. Бірақ, қанша тырбансам да Мағжандай болатын емеспін». Мағжан көпшілік мойындаған талантты ақын. Мақала авторы оны көрегендікпен бағалайды. Оның талантының алдында бас иеді. «Кім... би болғысы келмейді, бірақ бола алмайды» дегендей, талайлар Мағжандай болғысы келеді. Бірақ талантында кемістік болатын шығар... Таланттық қалпына қарай өскен орта, үлгі алу пайда береді. Талантың шамалы болса, үлгі алумен ірі суретші бола алмайсын», - деп артынан біреуден үйренуге болатынына, бірақ оның таланттылыққа, табиғат сыйлаған дарындылыққа еш ықпалы жоқ екендігіне дәлелдер келтіреді.

Оқырман талғамына байланысты мәселелерге де назар аудару Қошке тарихына ұмыт қалған жоқ. Оған автор үлкен жауапкершілікпен, аса ықыласпен қарайды. Көптің ішінде көркемдік сезімі өсе бастаған талап оқитын мыңдаған шәкірттер, мұғалімдер, қызметкерлер бар. Бұлар түр талғайды. Сондықтан көпке ортақ газет-журнал басқармалары кім жазса да сын елегінен өткізу керек». Сөз арасында Қошке ұлтшылдық мәселесіне қайта оралады.

Оған басқалар сияқты бір жақты түсінікпен емес, байсалдықпен, парасаттылықпен қарайды. «Ұлт автономиялары, республикалары ұлттық түрімен, социализм қоғамына ақырын аяңмен жету екенін сезбейтіндер бар... Ұлтшылдардың бір жігі кеңес үкіметін қазақ ұлтына пайдалы деп табады, сондықтан еңбегін аямайды. Қазақ ұлты мәдениетті болса екен дейді. Ондай ұлтшылдар тұрмысына, атқамінерлерге, жуандарға, молдаларға, кейбір байларға, отаршылдарға, кеңесшілерге, қызмет бұзықтығына, парасына қарсы еңбекшілердің еңбегін қорғайды. Әйел теңдігін жақтайды, қазақ ұлтын орыс ұлтымен тең құқықта болуы жүзеге асса екен» дейді.

«Қаламгерлер негізінен қандай тақырыпта қалам тербеуге тиіс?» деген көлденең сұрақты Қошке шешіп береді. Ол қалам ұстауға қажетті тақырыптың екі түрін атап өтеді:

1. Қазақ елінің жер үшін талас-тартысы, орыс поселкелерінің қатысы;
2. Отаршылдықпен күрескендерді;
3. Қадимдермен күрескен жадидтер;
4. Он алтыншы жыл толқындары;
5. Жетісудағы жер реформасы;
6. Февраль төңкерісінің әсері;
7. Октябрь төңкерісіндегі қазақ оқығандары бұқарасы (арғынның алашорда, қыпшақтың большевик болу негіздері сияқты);
8. Разверскідей атқамінерлер әділсіздіктері;
9. 1921-22 жылдардағы жұттар;
10. 1921 жылғы көтерілістерге крестьян, қазақ қатыстары;
11. Алғашқы жылдардағы ел арасында ячейка жасалу тарихтары.

Осыларға тоқтала келіп, Қошке: «Басқа да тақырыптар толып жатыр. Мұның бәрі өткен тарихқа айналып барады. Мұндай тақырыптардың негізгі себептері октябрь төңкерісінен қазақ елін салт-санасына қарай өзінше түсінгендік. Осындай өзгешеліктерді көркем әдебиет құшағына алатын мезгіл жеткен жоқ па?» - дейді.

Қошке ұлы ақын Абай Құнанбаевқа жүгіну арқылы өз ойларының түйінін жасайды. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын дегенде, Абай мазмұнды алтын деп, түрді күміс деп отыр. Абай пәлсапашыл болғандықтан мазмұнға артық баға беріп отыр. Пікір жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан алтын болу керек деген ұранды қылу керек».

Қ. Кемеңгеровтың «Көркем әдебиет туралы» мақаласына қарсы Сәбит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікір» деген мақала жазып, айтысты жалғастырды. Сәбит сөзіне көңілі толмаған Қошке «Сәбитпен айтысты доғардым», - деп қысқа ғана жауап қайтарады. Оған құлақ аспаған Сәбит « Мен айтысты доғармаймын» денгенімен, Қошке тарапынан пейіл болмаған соң әрі қарай жалғаспайды. Ал, бұл айтысқа төрелік қорытындыны «Екеу» деген бүркеншік атпен Жүсіпбек Аймауытов пен Мөхтар Әуезов жасайды.

Қошке ғылыми-зерттеу еңбектер де жазды. Бұған мысал ретінде Қошкенің «Қазақ тарихынан» және «Бұрынғы езілген ұлттар» атты кітаптарын келтіруге болады.

«Қазақ тарихынан» кітабында қазақтардың Ресейге қосылуынан бұрынғы тарихынан, одан кейінгі өміріне жалпы шолу жасалады. Хандардың ел билеу саясаты, орыс мәдениетінің ықпалы, кәсіпшілік, ағартушылық, халықтың мінез-құлқы жайында жазылды. Осыларға байланысты кітап төмендегіше бөлінеді:

1. 1846.
2. Басқармадан.
3. Мәңкеру жайы.
4. Рамат жайы.
5. 1846. Әскерлік жайы.
6. 1846. Дін жайы.
7. Жер жайы.

8. 1846. Қарсы қозғалыстар.
9. 1846. Қазақ хандарының мәдени мақсұттары.
10. 1846. Мәдениетті орыс қандай үлгі береді?
11. Мінез, хұққұқ жайы.
12. Денсаулық жайы.
13. 1846. ІҮ.
14. 1846. Ү.

СССР халықтарының кіндік баспасында жарық көрген бұл кітапқа алғы сөзді сол баспа басқармасының тапсыруы бойынша Ғаббас Тоғжанов жазады. Ол бұл кітаптың тарихтан жазған тұңғыш еңбектердің бірі екендігін айта келіп: «Жазушы қазақтың ешкімге бағынбаған кезіндегі тұрмысын қысқаша шолып өтіп, Россияға бағынғаннан кейінгі тарихына көбірек тоқталады. Орыс патшасының қазаққа істеген зорлық-зомбылығы, қолданған саяси әдісі, онан соң қазақтың өз хандарының арасында болған наразылықтары, арттарынан ерген қалың елді хандыққа айырбастағандықтары туралы қанша қысқа жолмен жазылғанымен де, едәуір мағлұмат береді.

Ғаббас Қошкенің кемшілігіне де тоқталады: «Жазушының саяси жолы - ұлтшылдық жолы. Көздеген саяси идеясын-қазақ ұлтын, бұзбай-жармай, мәдени ұлтқа жеткізу. Қазақтың басынан кешкен тарихына баға бергенде, сөзінің реті ұлт, қай іс болсын сын таққанда, ұлтқа пайдалы ма еді, пайдасыз ба еді деген өлшеумен келеді. Ұлт ішінде қазақтың қай табының пайдалы, пайдасыз еді, саяси басшылық қай таптың қолында еді? Бұл сөздерге ұлтшыл жазушымыз көңіл бөлмейді... «әңгіменің» бұл жағын тексермейді... Сондықтан, кітапшаның бір зор кемшілігі - осы».

Қазақстанның Ресейге қосылғаннан бұрынғы тарихынан жазба мағлұматтар аз болатын. Барларының өзі нақты жылдарды айтуға келгенде әлсіздеу еді. Сондықтан да Қошке тарихи дерек ретінде мақал-мәтелдерге, әдеби мұраларға сүйенеді. Шыққанына екі мың жылға жуықтаса да «Әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ» деген сияқты мақалдар бар. І-ІІ ғасырда қырғыздар ханын «әже» деп, үйретушіні «қожа» деп атаған. Осы реттегі мақалдар-тарихи құрал. Россияға бағынбай тұрғанда да таңбасыз тайға, енсіз қойға ие болған қазақ елі киіз үйді ғана мекендеген. Толық көшпелі еді. Жекелену, бөліну мүмкін болмаған көшпелі тұрмыстың арқандалған кіндік руы еді. «У жесең руыңмен», «Ордалы құлан ақсағанын білмейді» деп ақсақал аузына қараушы еді. Көшіп-қону, кек алу, жаудан қорғану, көптен құн алып, құн төлеу, немеурін қосу, жылу жинау бір рудың ішінде міндет еді. Немеруіріннен «Жесір ерден кетсе де, елден кетпейді» деген құқық туған еді. Жылу осы күнгі күн батыстың страхововойына келеді. Қонақасы алты алаштың бөлінбеген еншісі еді. Мұның бәрі әлеумет пәнінің тілімен айтқанда родовый коммунизм қоғамына кіреді.

Қазақстанның ертедегі музыка, поэзия өнері аса жоғары дәрежеде болды. Бұл жағынан біздің ұлт өзгелерге қарағанда көп ілгері еді. Қорқыттың, сол замандағы басқа да күйшілердің тамаша туындылары бұзылмаған күйінде ХХІ ғасырға жетіп отыр. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Алпамыс» секілді дастандар да көркемдік жағынан еш халықтың өзі тектес жанрлардағы шығармаларынан асып түсетіндей болмаса, кемдігі жоқ. Олардың мазмұны, оқиға-өрісі-тарих беттерінің құжаты болуға татиды. Сол заманда қазақтардың сурет өнерінің алғашқы даму сатысы табылған. Оған Қошке мысал келтіреді. «Мен 1760 жылдардың шамасында қазақтың мола тастарында адамның, малдың суреттерін көрдім. Және де ақ тасқа неше түрлі сырмен көшпеліліктің түрлерінің, суреттерінің салынғанын көрдім», - дейді Григорьев. Қазақ арасындағы балшықтан жасалған бейіттердің әдемілігіне таңырқап. Сурет салуды тыйған тағы да дүмше молдалар.

Қошке Кемеңгерұлы өз еңбегінде Әбілқайыр ханның Ресеймен бас қосу саясатының түп мәнін былайша түсіндіреді:

1. «Күшті Россияға аяқ тіреп Хиуалықты, Қарақалпақты бағындырамын, үш жүзге хан боламын;

2. Тақты мұралы қыламын;

3. Қол-аяқты жинап алған соң Россиядан бөлініп кетемін».

Бұл тұрғыда Ресейдің де өзіндік мақсаты бар еді. Ол-қазақ елін бағындырып,оның даласымен отырықшы Орта Азияға керуен өткізу.

«Үкіметтің даярлаған құлдық қамытын қазақ тезінен киіп алған жоқ. Ұзақ уақыт бас асаулық көрсетті. Бірен-саран көрсетілген наразылықтар туралы жоғарыда да айтылды. Бұл наразылықтар бір рудың ауданынан шыға алмады. Жалпы ұлт наразылығы Кенесарыда да көрінді», -деп Қошке Ресейге қослу жөніндегі халық қарсылығы болғандығын тілге тиек етеді.Осыдан кейін Кенесары жөнінде деректер келтіреді. 1845 жылы Кенесары тағы да үкіметтен кешірім алып Түркістанға кетіп,одан Іле өзеніндегі Ұлы жүзге барады. 1846 жылы Кенесары Балқаштың оңтүстігінде тұрып ел-елге елші жібереді. Матайдан қалған үйсін Кенесарыны жақтайды. Ұлы жүздің сұлтандары медалға қызығып,Кенесарыға қарсы болды. Кенесары он мың қарулы кісімен жүріп, жеті хиуалыққа мылтық соқтырды. Ұлы жүздің 500 үйіне астық салғызды. Орыс әскерінен қуғын келіп,қамалды мекен қыла алмай Кенесары Шуға ауып,Ташкент қазақтарын қаратты. Қамалдан қашып жан-жағынан жау қамалағанда Кенесары хан болу пікірінен қайқан жоқ.

1846 жылы Орынбор аймағына зекет жинауға,жанжал барымтаны тексеруге дінсіздерге бағынбандар деп немере інісі Сейілханмен 25 кісі жібереді.Қазақта жүріп қорғана алмайтын болған соң қырғыздың Алатауын мекендеуге ойланды. Қырғыз қарсы болды. 1847 жылы қырғызбен соғысқанда Кенесары өлді.

Қошке «Мәдениетті орыс қандай үлгі берді?» дегенде олар қазақтың еңбегін жеп,жерін тартып алғаннан басқа ештеңе бермегендігін,қайта тіл,киім,шаруа әдет жағынан қазақтан өнеге алғандығын айтады. Қазақ арақ ішпегендігін,көшпелі болғандықтан үлкен ел дәрежесіне жетті. Арақтың орыстан келгендігінің бір дәлелін Қошке көрсетеді.

Осы тұста Қошке «Орыстар түк бермеді» деп артықтау кеткен. Біздің олардан үйренгеніміз де болды.Әсіресе,әдебиет өнері саласында. Бұған айғақ жетеді. Ол жөнінде тәпшітеп мысал келтірудің қажеті шамалы,бүгінде кімге де болса белгілі жайт.

Мұнан ары қарай қазақтардың мінез,құқық жайы,ауыл шаруашылығы жайы, кәсіпшілік жайы, денсаулық жайы әңгімелене келіп, әдебиет тарихынан да сөз қылады. Онда Ы. Алтынсарин, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды әдебиет алыптарының шығармашылықтарына талдау жасалып, газет-журналдар тарихтарына тоқталады.

Қорыта келгенде «Бұрынғы езілген ұлттар» кітабында Ресей патшалығындағы езілген ұлттардың өткендегі және кейінгі халімен таныстырады. 36 ұлттың тарихы,шаруа,кәсіп жағдайларынан және мәдени жағынан қысқаша мәлімет,мағлұматтар берілген. Әр ұлттың санын,мал басын,шаруашылық жағдайының өткені мен 22 жылды салыстырып,нақтылы деректермен көрсетіледі. Әр ұлттың жерінің сипаты,кен байлығы мен ауыл тұрғындарының саны, тағы басқа «іздесе таптырмайтын» мағлұматтар-кітаптың құндылығының дәлелі.

Жалпы, Қошке Кеменгеровтың әдеби,тарихи еңбектері-бүгінгі күнде де басты назар аударарлық дүниелер. Олар - Қошкенің көп салада білімпаздығының, жан-жақты ойлағыштығының, бәрінен бұрын ел абыройын ықыласта ұстағандығының айқын көріністері.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кеменгеров Қ. Көркем әдебиет туралы / Қ. Кеменгеров // Еңбекші қазақ, 01.12.1926 ж.
- 2 Кеменгеров Қ. Қазақ тарихынан. / Қ. Кеменгеров – Москва, 1924. - 122 б.
- 3 Кеменгеров Қ. Бұрынғы езілген ұлттар. / Қ. Кеменгеров -Москва,1925. - 89 б.

B.T. Batkeyeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Syltan, Kazakhstan

Features of Criticism in Koshke Kemengerov's Journalism

Abstract. The talented writer Koshke Kemengerov also drew attention to literary criticism. One of those who gave fair assessment to poets and writers was Koshke. In the twentieth century there has been controversy in fiction. In 1926, in the newspaper *Enbekshi Kazakh*, Mukhtar Auevov, Koshke Kemengerov, Ergali Aldongorov, Abdrakhman Baidildin, Mazhit Dauletbaev, Sabit Mukanov and other famous writers and literary writers took part in these disputes.

The article reveals the essence of the discourse of the famous public figure and writer Koshke Kemengerov, and his work is evaluated objectively.

Key words: social realism, proletariat, organization, literature, criticism, talent, nationalism, colonialism, law, politics, government.

Б.Т. Баткеева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Особенности критики в публицистике Кошке Кеменгерова

Аннотация. Кошке Кеменгеров, талантливый казахский писатель, драматург, просветитель, публицист, общественный деятель и яркий представитель плеяды «Алаш», внес неоценимый вклад в историю казахской культуры и литературы. Блестящий журналист наряду с М.Ауэзовым, С.Мукановым и другими писателями и публицистами печатался в таких известных печатных изданиях, как «Айқап», «Қазақ», «Еңбекші қазақ», был редактором рукописного журнала «Балапан», редактором первой молодежной казахской газеты «Жас қазақ».

В статье дан объективный анализ критических статей К.Кеменгерова с точки зрения современности.

Ключевые слова: социалистический реализм, писатели, организация, литература, критика, талант, национализм, колонизация, право, политика, государство.

References

1. Kemengerov Q. Korkem adebiet turaly [About fiction], («Enbekshi qazaq», 1926, 01.12.). [in Kazakh]
2. Kemengerov Q. Qazaq tarihyuan [From the history of the Kazakhs], (Moscow, 1927, 122 p.). [in Kazakh]
3. Kemengerov Q. Buryngy ezilgen ulttar [Former oppressed nations], (Moscow, 1925, 89 p.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Баткеева Б.Т.- филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Сәтбаев көш., 2. Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Batkeeva B.T.- Candidate of philological, associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpaev str. 2., Nur-Syltan, Kazakhstan.



XFTAP 19.21.11

Ә.М. Текенова

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
(E-mail: tekenova@mail.ru)

Расталмаған ақпаратты құқықтық реттеу: әлемдік және отандық тәжірибе

Андатпа. Ақпараттық қауіпсіздікке қатер төндіретін тексерілмеген, жалған мәліметтердің, мемлекет және жеке тұлғалардың ар-намысына, абыройына нұқсан келтіретін жел сөздердің әлеуметтік желі арқылы таралуына тосқауыл қойып, оны құқықтық реттеу - бүгінгі күн талабынан туған аса өзекті мәселе. Ақпараттық шу, мүдделер қақтығысы, медиа соғыс, цифрлық коммуникация дәуірінде қызмет ететін журналист жұмысын күрделендіре түсті. БАҚ беделін сақтап қалу да сын үстінде. Сол себепті осы саланы құқықтық реттеуге қатысты әлемдік тәжірибені білу аса маңызды. Соның негізінде фактчекинг жасаудың негізгі тәсілдері мен оның инструменттері, айырмашылықтарын айқындау қажет. Нақтыланбаған ақпарат, ақпараттық манипуляция, фейк жаңалықтарға қарсы күресу үшін тұрақты мониторинг жасау және қатаң құқықтық реттеу болуы тиіс.

Мақалада Қазақстандағы ақпарат құралдарын құқықтық реттеу және осы саладағы әлемдік тәжірибе батыс және шығыс елдерінің мысалында қарастырылады.

Түйін сөздер: жалған ақпарат, Қазақстандағы фактчекинг, құқықтық реттеу, әлемдік тәжірибе.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-129-4-14-21>

Бүгінде компьютерлік технология және коммуникациялық құралдар, әсіресе әлеуметтік желілер арқылы хабар-ошар тарату дамыған сайын ақпараттық қауіпсіздікті сақтау күрделеніп барады. Жалған ақпараттар легіне тойтарыс беру үшін әлемнің жетекші елдері журналистикадағы жаңа трендтердің бірі фактчекингке баса мән беріп, 2017 жылдан бастап, ақпарат құралдарының жұмысын реттейтін заңдарға өзгеріс енгізе бастады. Себебі, жалған ақпараттардың кесірінен дәстүрлі ақпарат құралдарына деген сенім азайды. Оның үстіне халық әлеуметтік желілер тек қана ақпарат көзі емес, оны талқылау алаңы болғандықтан, сол арқылы таратылатын ақпараттың жетегінде кетті. Осыдан кейін Бүкіләлемдік экономикалық форум бұқаралық цифрлық жалған ақпараттарды аса қауіпті жаһандық тәуекелдер қатарына жатқызды.

Жалған ақпарат дегеніміз – қандай да бір ақпаратты толық немесе жартылай бұрмау арқылы оны қабылдайтын аудитория психологиясына әсер ету.

Жалған ақпаратты құқықтық реттеудің әлемдік тәжірибесіне назар аударатын болсақ, батыс елдерінен АҚШ, Германия және Оңтүстік-шығыс Азия елдерінен Малайзия, Үндістан, Филиппин, ТМД елдері бойынша, теріскейдегі көршіміз Ресей Федерациясында атқарылған жұмыстарды ерекше атап өтуге болады. Аталған 6 мемлекеттегі қалыптасқан жағдай мен тәжірибені ескере отырып, жалған ақпараттың таралуын шектеп, тексерілмеген деректерді жариялаған ақпарат құралдары және дереккөздерге қарсы жазаны қатаңдату туралы құзырлы органдарға қажетті ұсыныс әзірлеуге болады. Себебі оның реттеу механизмдерінде (қаржылық, қылмыстық) өзіндік ерекшеліктер мен ұқсастықтар бар.

Әр мемлекеттің негізгі міндеті - ақпаратқа қол жеткізу және оны тексеру үшін тиімді нормативтік-құқықтық базаны құру. Қазақстан Республикасындағы фактчекингтің құқықтық негізі - бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерді реттейтін нормативтік актілер жиынтығы (БАҚ туралы заң, Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заң, Қылмыстық кодекс және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бірқатар баптары).

ҚР Қылмыстық Кодексындағы жала жабу деп аталатын 130-бапта, көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – екі мың айлық есептік көрсеткішке, яғни 5050000 теңге (1 АЕК – 2525 теңге) дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады деп жазылған [1]. Мәселен, 2015 жылдың қарашасынан 2019 жылдың ақпанына дейін ҚР Ұлттық банкі Төрағасы болған Данияр Ақышев қызметін ауыстырғанда оның үстінен іс қозғалғаны туралы жалған ақпарат тарайды. Кейін Бас Прокуратура арнайы түсініктеме беріп, ешқандай қылмыстық істің тіркелмегенін хабарлады.

Осы кезде «Тенгриный» ақпараттық порталына сұхбат берген Данияр Ақышев «қажет болған жағдайда тиісті органдарға өтініш жазатынын, жалған ақпарат таратқандар үшін жауапкершілік бар-жоғын анықтайтынын» айтқан болатын [2]. Бұл өз кезегінде жоғары лауазымды тұлғалардың өзінің осы мәселеден хабарсыз екенін аңғартса керек.

Жалған ақпарат таратуға қатысты ең ауыр жаза - төтенше жағдай кезінде немесе ұрыс жағдайында немесе соғыс уақытында не жария іс-шаралар өткізу кезінде жасалған іс-әрекеттер үшін үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру [1].

ҚР «БАҚ туралы» Заңының 21-бабы журналистердің тиісті жеке және заңды тұлғаларға сауал жолдау арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен таратылған ақпараттың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік, сонымен қатар мемлекет статистикалық, нормативтік және басқа ақпараттардың уақытылы және тиімді орналастырылуына кепілдік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен мемлекет пен қоғам арасында тиімді байланысты жүзеге асыру үшін ҚР «БАҚ туралы» Заңының 18-3-бабы барлық мемлекеттік атқару органдарында уәкілетті тұлғаны тағайындауды немесе бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі уәкілетті бөлімше құруды қарастырады.

Олардың міндеті - мемлекеттік органның құзыретіне, сондай-ақ оның қызметіне қатысты мәселелер бойынша сенімді және қажетті ақпаратты тарату. Мемлекеттік органдар, олардың баспасөз қызметтері көбінесе фактчекингте негізгі рөл атқарады, резонанстық оқиғалар туралы дереу түсіндірме береді немесе бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жалған материалдарды әшкерелейді.

«БАҚ туралы» Заңның 19-бабы теріске шығару не жауап беру құқығын қарастырады. Оған сәйкес, азамат немесе заңды тұлға бұқаралық ақпарат құралдарынан осы бұқаралық ақпарат құралында таратылған, шындыққа сәйкес келмейтін және ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы. Бұл құқыққа азаматтың немесе заңды тұлғаның өкілдері де ие болады.

Сонымен қатар, ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін өзіне қатысты мәліметтер таратылған азамат мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы [3]. Бүгінде Қазақстанда жалған ақпарат таратқаны үшін жазаны қатаңдату мәселесі қарастырылуда. Өйткені қазір БАҚ-та тексерілмеген деректер жиі жарияланады. Ол тек ақпарат қауіпсіздігі, БАҚ қана емес, күллі елдің абыройына нұқсан келтіретіні сөзсіз. Сол себепті көптеген мемлекеттер жалған ақпарат таратқандарға салынатын айыппұл көлемін еселеген.

АҚШ-тың Массачусетс технологиялық институты зерттеушілері жалған ақпарат әлемдік желі арқылы көз ілеспес жылдамдықпен тарайды деген қорытынды жасаған. Twitter желісіндегі 3 млн пайдаланушының 100 мыңнан аса хабарламасына сараптама жүргізген мамандар жалған ақпараттың шынайы хабарларға қарағанда таралу жылдамдығы 70 пайызға жоғары екенін анықтады. Саяси сипаттағы жалған хабарлар танымалдылыққа ие болса, қаржы, ғылым, төтенше жағдай туралы ақпараттар елдің назарын аударып қоймаған [4].

2003 жылы АҚШ-та factcheck.org. жобасының негізі қаланды. Шамамен 4 жылдан соң Politifact атты тағы бір фактчекинг платформасы пайда болып, 2009 жылы ол көрсеткен қызметі үшін Пулитцер сыйлығын иеленді. Осы марапат фактчекингті журналистикадағы аса маңызды бағыт ретінде мойындатты.

Фактчек форматында жұмыс істейтін алғашқы ресурстар 30 жыл бұрын пайда болды. Бүгінде әлемде олардың жалпы саны жүзден асады. 2003 жылдан бастап, саяси мәлімдемелерді тексеретін жобалар саны күрт өсті. Уақыт өте келе оның саны еселене түсті. 2004 жылы барлығы 44 жоба болса, бір жылдан соң 64, 2006 жылы 96-ға жетті. Duke census-тың соңғы есебіне сүйенсек, әлемнің 47 елінде 114 жоба бар (Stencel 2017) [5, 13 бет].

Фактчекинг платформасы барлар қатарында Латын Америкасы елдері, Африка континенті мен Батыс Еуропа бар. Ең ірі фактчек-ресурс желісі АҚШ-та, жалпы саны – 30. Шығыс Еуропада фактчек Чехия, Польша, Литвада бар. 2014 жылы Грузияда, 2015 жылы Украинада пайда болды.

Қазір әлемде осы форматта жұмыс істейтін мамандар (фактчекерлер) мен ресурстар көбейіп келеді. Олардың барлығы Халықаралық фактчек қауымдастығының қағидаларын және Фактчекингтің этикалық кодексін ұстанады.

IFCN (The International Fact-Checking Network) - Халықаралық фактчекинг желісі – Poynter (Пойнтер) институтының құрамдас бөлігі. Ол – журналистика саласы бойынша білім жетілдіру және түрлі тренинг өткізуге маманданған америкалық үкіметтік емес ұйым. Пойнтер институты 2015 жылы Халықаралық фактчекинг желісін құрды. Осы желіге тіркелген елдер өзара тәжірибе алмасып, фактчекерлердің білімін жетілдірумен айналысады.

Осы Пойнтер институты 2018 жылдың наурызында Еуропалық комиссияның әлемдегі жалған ақпарат тарату саласын зерттеумен айналысатын сарапшылардың еңбегіне сүйеніп, жүргізген зерттеудің баяндамасын жариялады. Ол Еуропалық одақты осы мәселеден қалай сақтау керек деген сауалдың жауабын анықтау үшін қажет болған еді. Себебі ғаламтор арқылы осы аймақтағы қауіпсіздікке қатер төндіретін жалған ақпараттар легі көбейіп кетті.

Зерттеу нысанына Қазақстан да іліккен. Онда 2018 жылдың наурыз айында жалған ақпарат жариялағаны үшін Қазақстанның 2 ақпарат агенттігі үстінен қылмыстық іс қозғалды деп жазылған.

Freedom House-тың хабарлауынша, Ratel және Forbes.kz бұрын жоғары лауазымды қызмет атқарған шенеунікті жемқорлықпен айналысты деп айыптап, ақпарат таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұрын мемлекеттік қызмет атқарған азамат ресми түрде арызданған соң полиция журналистерді тергеп, істің нәтижесінде Ratel веб-сайты бұғатталды.

Осы есепте Human Rights Watch «Қазақстан заңнамасына сәйкес, қасақана жалған ақпарат таратқандар үшін қарастырылған ең ауыр жаза – 7 жылға бас бостандығынан айыру» деп жазады [6].

Әр елдің фактчек-ресурсының өзіндік ерекшелігі бар. Әлемдегі ең беделдісі – АҚШ басылымдары. Құрама штаттар фактчекерлерінің тәжірибесіне сүйенетін мамандар өте көп. Олар жасаған зерттеуді саясаткерлерді бақылау құралы ретінде пайдаланады, себебі сенім жоғары, сілтеме жасайтындар көп. Көптеген елдер осы елдің фактчек жасау тәжірибесін үлгі ретінде пайдаланады.

Аса танымал болған бір мысал бар. Екі конгрессмен дебатқа қатысар алдында, оның біреуіне шараны фактчекерлердің нысанаға алатыны ескертіледі. Нәтижесінде, саясаткердің көпшілік алдында сөйлеген сөзінде қарсыласымен салыстырғанда популистік және манипуляциялық мәлімдемелер, жалған фактілер көрсеткіші 70%-ға аз болып шығады [5, 11 бет].

Еуропалық комиссияға ұсынылған есепте АҚШ-та жалған ақпаратты құқықтық реттеумен арнайы комиссияның айналысатыны, сонымен қатар Федералды заң, әр штатта Медиа сауаттылық туралы заң, Қатерді бағалау және Сот процессі арқылы жүзеге асырылатыны жазылған. Америкалықтар негізінен саяси жарнама, шетелдік жалған ақпарат, жалпы жалған ақпарат, медиасауаттылық және фейк бейне түсірілімдерге сараптама жасауға баса мән береді. Арнайы қызметтің мәліметіне сүйенсек, 2016 жылы өткен АҚШ Президенті сайлауы кезінде Ресейдің әлеуметтік желі арқылы саяси науқанға араласуы Үкіметтің жалған ақпаратты реттеуге қатысты бірқатар нақты әрекет етуіне негіз болды.

Біріншіден, 2017 жылдың қазан айында Конгресс Facebook және Google сияқты онлайн-платформалардан жарнамалық хабарламалардың көшірмесін сақтауды, оған кімнің және қанша ақша төлегенін жариялауды талап етті. Заңнама әлеуметтік желіні пайдалана отырып, теле-радио форматында жарнама жасайтын компаниялардан да осы ережені сақтауды, сөйтіп жауапкершілікті арттыруды көздейді [6]. Дегенмен, АҚШ-та әлі жалған ақпарат таратушылармен күресетін арнайы заң қабылданған жоқ.

Мәселен, Германия заң жүзінде тексерілмеген ақпаратты таратуға санкция салған. Оған құрама штаттардағы жағдай себеп болды. 2017 жылдың 30 маусымында Net Enforcement Act (NetzDG) атты заң қабылданды. Фейкпен күресуді басты мақсат еткен құжат қандай да бір жалған ақпарат шығатын болса, Facebook, Twitter, YouTube сияқты ең негізгі платформалардан оны арыз түсе салысымен 24 сағат ішінде алып тастауды талап етеді. Егер мәселе шешілмесе, компанияға 50 млн еуроға дейін айыппұл салынады. Жарияланым даулы болса, мәселені анықтауды қажет етсе, компанияға 7 күн уақыт беріледі. Дегенмен, бұл заңды қоғам бірден қабылдамады. Кейбір цифрлық компаниялар әлеуметтік желілер полицияның қатаң бақылауына алынатын болды, енді бірі істі қарау үшін берілген уақыт тым қысқа деп шағымданды.

Малайзия 2018 жылдың 11 сәуірінде жалған ақпараттарды таратуға қарсы заң жобасын қабылдады. Оған осы елдің сарапшылары радикалды сипатқа ие құжат деген баға берді. Оның қатаң болғаны сонша, ақпаратты жазып таратқан тұлға ғана емес, онымен әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы бөліскен немесе сол күйі көшіріп басқан адам да 6 жылға бас бостандығынан айырылады. Заңға сәйкес, шындыққа сай келмейтін кез-келген жаңалық, ақпарат, аудио, бейне жазба фейк болып саналады [7].

Егер заң бұзған азамат, жазасын өтеп шыққаннан кейін де жалған ақпарат таратуын қоймаса, сот оған күн сайын 3 мың ринггит (қазір 1 малайзиялық ринггит – 92, 47 теңге) немесе 277410 теңге көлемінде айыппұл салады.

Осындай жазадан бөлек, сот қалыптасқан жағдайды ескере отырып, қарастырылған іске байланысты заң бұзған азаматтан зардап шегушіден кешірім сұрауды талап етуі мүмкін. Оның тәртібі мен формасын сот өзі анықтайды. Егер заңды бұзушы осы міндетті орындамаса, оған сотты сыйламағаны үшін тағы да қосымша жауапкершілік жүктеледі.

Малайзиядағы жалған ақпарат таратуға қарсы заң қандай да бір фейк анықтала салысымен, ол жедел жойылмаса, оны жариялаған ақпарат құралына 100 мың ринггит көлемінде айыппұл салады. Егер талап орындамаса, үкім шыққан күннен бастап, күн сайын 3 мың ринггит көлемінде айыппұл төлеу талап етіледі [8].

Билік осы арқылы халықты онлайн шабуылдардан қорғауды көздеп отыр. Малайзияда жемқорлыққа қатысы бар істер туралы ақпараттарға мемлекеттік мекеме тарапынан ресми түсінік берілмесе, ол да фейк болып саналады. Малайзия Үкіметінің мұндай шешім қабылдауына 2015 жылы елдің Премьер-министрі Наджиб Тун Разакқа қарсы қозғалған

қылмыстық іс себеп болды. Ол билік құрған жылдары мемлекеттік инвестициялық қордан 4,5 млрд доллар қымқырылған. Атышулы іс 6 мемлекетте қаралған. Мәселе инвесторларға қатысты болғандықтан, АҚШ тергеушілері барлық есеп-шоттарды қадағалап, тексеріс жүргізеді. Нәтижесінде, оқиғаға елдің бұрынғы Үкімет жетекшісі Наджиб Разактың тікелей қатысы бар екені анықталды. Бірақ ол билікте отырғанда бұл істен ешқандай құқық бұзушылық анықталмаған еді.

Үндістанда жалған ақпарат таратқандарды жазалау үшін арнайы қаулы шығарылған. Әзірге арнайы заң қабылдана қойған жоқ. Бұл елде бұқаралық коммуникация құралдарының жұмысын бақылаумен Ақпарат және телерадиохабар тарату министрлігі айналысады. Егер журналистердің бірі тексерілмеген ақпаратты жариялап жіберсе, лицензиясынан айырылады. Үндістанда БАҚ-та жұмыс істейтін барлық журналистерге арнайы куәлік беріледі.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің бірі Филиппинде де жалған ақпарат таратқандар тартатын жаза ауыр. 2017 жылдың маусым айында «Қасақана жалған мәлімет тарату және осыған қатысты басқа да құқық бұзушылықтар туралы» заң қабылданған. Бұл елде жалған ақпарат деп қоғамда аласапыран, алауыздық тудырған, соңы зорлық-зомбылық немесе жеккөрушілікке ұласқан, сонымен қатар қандай да бір адамды қаралау, беделін түсіру мақсатында таратылған хабарды айтады. Заңды бұзғандар 100 мың долларға дейін айыппұл төлейді немесе 5 жылға бас бостандығынан айырылады [7].

«Медиалогия» компаниясы жүргізген зерттеу қорытындысына сүйенсек, былтыр Ресейде әлеуметтік желі арқылы тарайтын жалған ақпараттардың саны 2017 жылға қарағанда 33%-ға артқан. Мамандар 2017- 2018 жылдар аралығында ең көп таралған 15 жалған ақпаратқа талдау жасай келе, оның санының 15781 ден 20923-ке дейін көбейгенімен, жариялаған БАҚ санының 4828 ден – 4530-ға дейін азайғанын анықтаған. Бұл өз кезегінде бақылаудың күшейіп, заңға өзгеріс енгізудің ықпалы болса керек. Статистикаға сәйкес, Ресейдегі ең танымал фейктердің қатарына енген 3 ақпарат мынадай: Данияда некелескен бір жынысты екі ресейлікті Мәскеуде мойындау, екіншісі Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Николай Патрушевтің ұшағымен Аргентинадан кокаин жеткізу және Ярославтағы форумда көрсетілген «ең заманауи робот» костюм киген адам болып шықты деген хабар [9].

2019 жылдың 18 наурызында РФ Президенті Владимир Путин жалған ақпаратты таратуды шектейтін 2 заңға қол қойды. Біріншісі – Ресей Федерациясының «Фейк туралы заңы» деп аталатын Федералды заң. Екіншісі – «Фейк жаңалықтар үшін айыппұл төлеу туралы заң». Бір ерекшелігі, Ресейде кез келген жалған хабар үшін жауапқа тарту деген жоқ. Заңмен мынадай арнайы критерий қарастырылған:

- шындыққа сай келмейтін ақпарат;
- шынайы ақпарат түрінде таратылған хабар;
- қоғамдық маңызы бар ақпарат;
- адам өміріне немесе денсаулығына, мүлкіне қатер, қоғамдық тәртіпке немесе қауіпсіздікке қауіп төндіретін, өмірді қамтамасыз ететін нысандардың, көлік немесе әлеуметтік инфрақұрылымдардың, кредиттік ұйымдардың, энергетика, өнеркәсіп немесе байланыс нысандарының жұмыс істеуіне немесе жұмысын тоқтату қаупін тудыратын жаңалықтар.

Жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке тартылған азаматтар «Фейк жаңалықтар үшін айыппұл төлеу туралы заңға» сәйкес, 30 мыңнан 400 мың рубльге дейін айыппұл төлейді. Заңды тұлғалардықы 200 мыңнан 900 мың рубльге дейін, лауазымды тұлғалар 60 мыңнан 1,5 млн. рубльге дейін шығындалады.

Фейк жаңалықтарға қатысты істі полиция органдары қозғайды. Олар бұл туралы Прокуратураға 24 сағат ішінде хабарлауы керек. Істің өзін Сот қарайды.

Ресей Федерациясының «Фейк туралы заңына» сәйкес, фейк таратқан ресурс бұғатталады. Егер БАҚ саласын бақылайтын федералды орган талабына сәйкес жалған ақпарат бірден алынып тасталмаса, платформа жұмысы уақытша тоқтатылады [8].

Еуропалық комиссияға ұсынылған есепте Ресейде жалған ақпаратты анықтайтындар әсіресе сайлау кезінде ерекше бақылау орнататыны жазылған. Жергілікті заң бойынша, ғаламтор арқылы жалған ақпарат таратқан адамға 5 мың доллар көлемінде айыппұл салынады, егер құқық бұзушылық қайталанса, 15 күнге бас бостандығынан айырылады.

Ал комментарий жазу функциясы бар, қаралымы күніне кемі 100 мыңнан асатын веб-сайттар егер онда елді адастыратын комментарий жазылса, оны 24 сағат ішінде жоюы керек. Егер талап орындалмаса, 50 млн рубльге дейін айыппұл төлейді. Бұл жағдай әлеуметтік желі иелері үшін қиындық тудырды. Себебі әр комментарийдің рас не жалған екенін анықтап отыру оңай емес. Freedom House сарапшыларының айтуынша, бұл заң онсыз да сөз бостандығы жоқ елдегі цензураны күшейтеді [6].

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәлімдеуінше, Қазақстандағы жалған ақпарат таратушылар үшін қарастырылған жаза мен жауапкершілік тым қатаң. Сол себепті халықаралық тәжірибені ескере отырып, жалған ақпаратты немесе тексерілмеген деректерді жариялаған ақпарат құралдары немесе басқа да дереккөздерге қарсы жазаны қатаңдату керек. Қорыта келе, реттеуші орган үшін мынадай ұсыныс жасағанды жөн көрдік:

Как показало исследование, респонденты имеют возможность слушать радио с помощью спутникового радиовещания или телефона. Все респонденты, которые считают, что главное преимущество радио состоит в его оперативности, слушают республиканское радио. К сожалению, подавляющее большинство респондентов считает, что региональные радиостанции подают информацию недостаточно подробно и оперативно.

Для изучения рейтинга влияния респондентам был задан вопрос: «Какие передачи, на Ваш взгляд, необходимо включить в эфир региональных радиостанций?». Результаты оказались, к примеру, следующими:

- на сегодняшний день достаточно программ всех направлений - 16 %;
- не хватает образовательных программ - 19 %;
- не хватает развлекательных программ - 16 %;
- не хватает правовых передач - 10 %.

Несмотря на то, что бытует мнение «Телевидение - дешевое и вульгарное развлечение»[3], внимание аудитории к данному типу СМИ не ослабевает по причине потребности в отражении реальной картины бытия. Так, в ходе проведенных исследований эксперты пришли к выводу о неснижающемся интересе зрителей к программам регионального вещания. В частности, при определении предпочтений в просмотре телевизионных каналов выборка телевизионных СМИ основывалась на двух критериях типологии телеведущих:

- 1) по географии вещания: региональные и национальные СМИ;
- 2) по каналам вещания: спутниковое, кабельное и эфирное вещание.

Для изучения рейтинга влияния респондентам был задан вопрос: «Какое телевидение Вы предпочитаете?» Варианты: «Алау», «Казахстан-Костанай», «Республиканские каналы», «Только спутниковые каналы», «Ваш вариант». Результаты отражены в табл.1.

Таблица 1

Популярные телевизионные каналы % соотношение от общего количества опрошенных

Наименование каналов	Популярные телевизионные каналы
«Алау» (городская телерадиокомпания)	15,0%
«Казахстан-Костанай» (областное телевидение)	10,0%
республиканские каналы	40,0%
только спутниковые каналы	30,0%
другое	5,0%

Посредством анализа установлено, что аудитория информационных программ телевидения в области имеет три самостоятельных сегмента:

- Телезрители, предпочитающие кабельное и спутниковое телевидение. При этом

кабельное ТВ свойственно для городских жителей, спутниковое ТВ – для сельских. Зачастую они смотрят «ОТАУ ТВ».

- Сторонники республиканских телеканалов «Хабар», «Казахстан».
- Телезрители, предпочитающие информационные программы местных телеканалов.

Для получения новостной, политической и экономической информации жители Костанайской области выбирают республиканские и местные телеканалы, тогда как для просмотра развлекательной информации предпочитают российские телеканалы, доступ к которым имеют через спутниковое и кабельное сети вещания. Очевидно, что население области следит за развитием событий в республике посредством просмотра новостных выпусков и политических, экономических передач.

Цифровое телевидение. По результатам опроса в области более половины опрошенных высказали положительное отношение к внедрению цифрового телевидения, особенно в адрес «ОТАУ ТВ»




Рисунок 2. Отношение к внедрению цифрового телевидения

Таким образом, как утверждает российский ученый Л.Н. Федотова, «аудитория имеет мощное средство моделирования экранной реальности». Чем больше телеканалов, тем больше возможностей «монтировать этот мир по своему образу и подобию». Выбирая программы разных каналов, телезритель фактически выбирает «один телеканал, который он сам сверстал» (и с этим телеканалом не может конкурировать ни один другой) [4]. Подтверждение этому находим и в результатах собственных региональных исследований.

Несколько иначе выглядит ситуация на рынке печатных средств массовой информации (табл.2, рис.3).

Таблица 2

Популярные областные печатные издания соотношение от общего количества опрошенных

№	Наименование СМИ	Читаю
1	Областная газета «Костанай таны» (каз.яз.)	40,0%
2	Региональная газета «Костанайские новости»	20,0%
3	Городская газета «Наш Костанай»	30,0%
4	Костанайский областной еженедельник «Наша газета»	10 %




Рис. 3. Причины неудовлетворения материалами областных печатных СМИ

Выводы по ходу исследования:

1. Необходимо постоянно проводить комплексный анализ текущего положения и развития региональных СМИ с целью изучения настроения общества и потребностей аудитории СМИ.

2. Медиаисследования помогают определить место региональных СМИ на информационном рынке Казахстана.

3. Подробный анализ помогает выявить причины низкой конкурентоспособности информационных продуктов в отдаленных районах области: Амангельдинском, Жангельдинском, Наурзумском районах.

Список литературы

- 1 Медиаисследования. 1996-2013. [Электрон. ресурс] - URL: <http://www.arbconsulting.ru/marketing/uslugi/research/mix/media.html> (Дата обращения: 20.11.19).
- 2 Фактор. Южнорусский научный центр: медиаисследования. 2003-2013. [Электронный ресурс] - URL: <http://opros-center.info/media01.htm> (Дата обращения: 23.11.12)
- 3 Хлопаева Н.Ю. Социологические медиаисследования в информационном обеспечении управленческой деятельности: дисс. канд. соц. наук: социология 22.00.08 / Н.Ю. Хлопаева - Москва, 2007. - 156 с.
- 4 Цитаты Уинстона Черчилля. Любимые цитаты. Цитаты, афоризмы, фразы и изречения, которые мы любим и помним. [Электрон. ресурс] - URL: <http://citataua.livejournal.com/36268.html> (дата обращения: 25. 10. 2019).
- 5 Федотова Л.Н. Социология массовой коммуникации. Учебник для вузов / Л.Н. Федотова. - Санкт-Петербург: Питер, 2003. - 400 с.

Г.Т. Маркабаева¹, А.М. Жусупова², Г.С. Султанбаева³

^{1,2}А. Байтұрсынов ат. Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай, Қазақстан

³әл-Фараби ат. Қазақ мемлекеттік университеті, Алматы, Қазақстан

Қазақ тілді БАҚ: аудитория талғамы контексінде

Андатпа. Медиа зерттеу БАҚ аудитоиясын сапалы зерттеу үшін қажет. Мұндай зерттеулер телекөрсетімдердің телебағдарламаға қатынасын анықтауға, бағдарлама дизайнын, арнаның бағдарламалық торын бағалауға мүмкіндік береді. Мұнда мақсатты аудиториялардың өмір сүру стилін зерттеуді, құнды бағдарларды анықтауды, БАҚ аудиториясын сегменттеуді жатқызуға болады.

Біз жарнамалық науқанды тиімді жоспарлау, жарнамаға шығындарды азайту үшін қажетті ақпаратты аламыз. Арналардың (басылымдардың) рейтингтеріне сүйене отырып, мақсатты аудитория арасында медиапланерлер осы аудиторияның назарын аударудың ең тиімді жолын анықтайды.

Телекомпаниялар эфир уақытына баға қалыптастыру үшін, сондай-ақ әлеуетті жарнама берушілерді олардың арнасында жарнамаларды орналастыруда сендіру үшін медиазерттеулердің деректерін пайдаланады.

Түйін сөздер: медиазерттеу, ақпарат, рейтинг, контент, аудитория, журналистика, сандық медиа.

G.T. Markabaeva¹, A.M. Zhusupova², G.S. Sultanbaeva³

Kostanay State University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Kazakh-Language Media in the Context of Audience Preferences

Annotation. Media research is needed to study the quality of the media audience. Such researches allow to determine the attitude of viewers to the telecast, to assess program design, program schedule channel. It also includes the study of the lifestyle of target audiences, identification of value orientations, the segmentation of the audience and the media.

We obtain the information necessary for effective planning of advertising campaigns, reduce advertising costs. Based on the ratings of the channels (publications), among the target audience media planners determine the most effective way of reaching this audience. TV companies use data for media research to create prices for airtime, and in order to convince potential advertisers to advertise on your channel.

Keywords: media studies, information, rating, content, audience, journalism, digital media.

References

- 1 Media Studies. 1996-2013. [Electronic resource] Available at: <http://www.arbconsulting.ru/marketing/uslugi/research/mix/media.html>: (Accessed 20.11.12) [in Russian]
- 2 Factor. South Russian research center: media studies. 2003-2013. [Electronic resource] Available at: <http://opros-center.info/media01.htm> (Accessed 23.11.12) [in Russian]
- 3 Khlopaeva N. Yu. Sociological media-researches in information support of administrative activity: dissertation of candidate of sociological Sciences: 22.00.08 Moscow, 2007 156 p., Bibliogr.: 139-156 p. RSL OD, 61:07-22/534 [in Russian]

4 Quotes by Winston Churchill. Favorite quote. Quotes, aphorisms, phrases and sayings that we love and remember. [Electronic resource] Available at: <http://citataua.livejournal.com/36268.html>: (Accessed 25.10.19) [in Russian]

5 Fedotova L.N. Sociology of mass communication: Textbook for universities. (Peter, Sankt-Peterburg, 2003, 400 p.). [in Russian]

Сведения об авторах:

Маркабаева Г.Т. – магистр социальных наук, докторант 3 курса кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента, Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова, ул. А. Байтурсынова, 47, Костанай, Казахстан.

Жусупова А.М. - кандидат филологических наук, доцент кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента, Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова, ул. А. Байтурсынова, 47, Костанай, Казахстан.

Сұлтанбаева Г.С. - профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Markabaeva G.T. - Master of Social Sciences, 3 year doctoral student of journalism and communication menedgment department, Kostanay State Univercity named after A. Baitursynov, Baitursynov St. 47, Kostanay, Kazakhstan.

Zhusupova A.M. - candidate of philology, assistant professor, head of journalism and communication menedgment department, Kostanay State Univercity named after A. Baitursynov, Baitursynov St. 47, Kostanay, Kazakhstan.

Sultanbaeva G.S. - professor, al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan.

XFTAP 27.25.19

К.І. Тергембаева

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: 324750@mail.ru)

Экстремалды жағдайдағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі

Андатпа. Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, қоғамдық қатынастардың барлық негізгі салаларын қайта жасақтауы – елімізде Азаматтық қорғаныс жүйесін және халық пен аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жүйесін қайта қарауды және құруды талап етті. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті өзінің аумақтық бөлімшелері мен бағынышты ұйымдарымен, құралдары және күштерімен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ықпал ету жөніндегі шұғыл қызмет болып табылады.

Бұл ғылыми мақалада экстремалды жағдай кезіндегі төтенше жағдай органдары мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы байланыс және аудиторияға қажетті ақпаратты ұсыну мәселелері қарастырылады. Автор төтенше жағдайлар кезінде журналистің жұмыстарына мысал келтіреді, оларды талдайды, белгілі бір қортындыға келіп, өз ұсыныстарын береді.

Түйін сөздер: экстремалды жағдай, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғаммен байланыс, мемлекеттік орган, халықты ақпараттандыру.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-129-4-29-35>

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар Комитеті табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою бойынша арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік орган болып табылады. Қазіргі күні бұл саланың республика бойынша өзіне бағынысты аумақтық органдары, құрылымдық бөлімшелері бар. Олардың барлығы мемлекеттік орган ретінде экстремалды жағдайлардың салдарын жоюға арналған техникалармен жабдықталған.

Қазіргі ХХІ ғасырда Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар саласының сан-алуан қызметтері құрылды, бұл заман талабы. «Нақтырақ айтсақ, аумақтық, медициналық, нысандық, барлау, құтқару, инженерлік, энергетикалық, коммуналдық-техникалық және жол-көпірлік, өртке қарсы, апаттық-техникалық, радиациялық және химиялық қорғау, байланыс, материалдық-техникалық қамтамасыздандыру, көліктік, қоғамдық тәртіпті сақтау, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, азық-түлік және тағы басқа құтқару мен кейінге шегеруге болмайтын жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ететін маңызды қызметтер бар» [1].

Қазақстан егемендік алған отыз жыл ішінде талай жетістіктерге қол жеткізді. Ол ұлтаралық қатынастардан бастап, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени салаларының барынша дамуы, аталған салалардағы жетістіктерінен байқалады. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түрлі бағдарламалар қабылданып, тиісті техникмен жабдықтау, құралдар мен күштерді дайындау, оны тұрақты әзірлікте ұстау сынды тиісті шаралардың ұдайы атқарылып келе жатқанын айта кету керек. Себебі, өзге елдер сияқты Қазақстанның табиғаты да түрлі табиғи төтенше жағдайларға бейім. Мысалы, сейсмоқауіпті аймақтар бар, атап айтса, Оңтүстік Қазақстан облысының аумағы, әсіресе Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан облысының жекелеген аудандары да жатады. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың болу ықтималдылығын да ешкім жоққа шығара алмайды. Солардың елімізде болғандарының ең ірілері ретінде Алматы облысы Ақсу ауданы Қызылағаш ауылында орын алған су тасқыны, соңғысы Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласында әскери қоймада болған жарылыс. Бұл екеуі де тосыннан болды, ешкім алдын ала болжай алмады және екеуінде де адами факторлардың нәтижесінде орын алды. Жауапты

қызметкерлердің өз жұмысына салғырттығы салдарынан орын алған экстремалды жағдайлардан бірнеше адам қаза тауып, көптеген адам жарақат алды. Ал, олардан келген материалдық шығын аумаққа, мемлекетке орасан зор зиян әкелді.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардан келетін қауіп те жоқ емес. Яғни, лаңкестік әрекеттер, терроризм мен экстремизмге қарсы қауіпсіздік шараларына да барында мән берген жөн. Себебі, діни соғыс жүріп жатқан елдердің саясатын әкеліп елге тықпалау шаралары осыдан бірнеше жылдар бұрын Батыс Қазақстан облысында көрініс берген болатын. Осындай ауқымды сақтандыру жөніндегі ақпараттарды, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын, қауіпсіздік бойынша кеңестерді халыққа жеткізу барысында бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы өте зор. Сондай-ақ, ақпараттандыру құралдарының барлық түрлерін пайдалануға мүмкіндік бар. Ол үшін төтенше жағдайлар органдарының баспасөз қызметтері бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет жасайтын, экстремалды жағдай саласы бойынша ақпарат таратуға немесе бағдарлама түсіруге тартылған білікті журналистермен қарым-қатынасты жүйеге келтіруі керек. «Журналистика - өмірде қарапайым дәнекер ғана емес, қоғамның даму үрдістеріне тікелей әсер ете алатын ықпалды күш, азаматтық қоғамның дамуына алғышарт жасайтын, сөз және ақпарат бостандығын қамтамасыз етуге үндейтін маңызды әлеуметтік институт болып табылады» [2, 3 б.]. Яғни, ақпарат құралдары қоғамдық сананы қалыптастыра алатын күш болса, оны төтенше жағдайлардың алдын алу және сақтандыру жөніндегі ақпаратты бұқараға жеткізуге қолдану қай жағынан алып қарасаңыз да тиімді екенін аңғару қиын емес.

Соңғы кездері бүкіл әлем бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан, әсіресе әлеуметтік сипаттағы экстремалды жағдайлардан адамзат баласына төніп жатқан қауіп күшейіп барады. Сондықтан тұрғындарды түрлі экстремалды жағдайлардан сақтандыру, осы мақсатта бұқаралық ақпарат құралдары арқылы елдің санасына табиғи, техногендік, әлеуметтік төтенше жағдайлар кезінде дұрыс шешім қабылдау, әрекет ету, зардап шеккен адамдарға алғашқы көмекті көрсету, клиникалық өлім халіндегі адамға жанама массаж жасау тәсілдерін үйретудің маңызы өте зор деп есептейміз. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерін қолдана отырып, халық арасында ақпараттандыру, ақпараттандыра отырып оқытуды жүргізу қажет. Соның нәтижесінде төтенше жағдайлардың салдарын азайтуға, одан келетін зардаптарды жеңілдетуге болатыны даусыз. Міне, төтенше жағдай органдары мен бұқаралық ақпарат құралдарының арасындағы байланысты күшейту, жүйелендіру, оны оңтайландыра отырып дамыту жолдарын қарастыру, азаматтардың қауіпсіздік саласындағы білімдерін жетілдіру жолындағы іс-шаралар осынысымен маңызды болып табылады.

Кез-келген экстремалды жағдай, мейлі табиғи сипаттағы болсын немесе техногендік сипаттағы болсын немесе әлеуметтік сипаттағы болсын ол тікелей адамдардың өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жалпы қоғамға ықпал ететін жағдайлар екеніне дау жоқ. Сондықтан осы бұқаралық ақпарат құралдары мен экстремалды жағдайлардың арасындағы байланысты бір ізге түсіру үшін не істеу керек деген сауалдың туындауы әлбетте орынды болып табылады. «Отандық бұқаралық ақпарат құралдарын ғана емес, сонымен қатар шетелдік тәжірибені қарайтын болсақ екеуінің арасында тығыз байланыс бар екеніне көз жеткіземіз. Дегенмен, ол қандай байланыс, оның қоғамға, елге, жерге пайдасы бар ма деген сұраққа жауап іздеу үшін оның астарына үңілу қажет» [1]. Біздің елде екі жақты байланыс болғанымен әр тарап өз мүддесі мен қажеттілігін алдыға қояды. Төтенше жағдайлар органы төтенше жағдайлардың алдын алу үшін оқыту сипатындағы бейнероликтерді шығарып, оны телеарналар арқылы таратуға қызығушылық танытады. Ал, телеарналар керісінше, ондай бейнероликтерді арнадан көрсетуге құлықсыз, олардың пайымынша аталған бейнематериалдар телеарна уақытын алады және қоғам үшін қызықсыз деп есептейді. Егер, халық үшін қызықтырмайтын материалдарды берсек, телеарнаның имиджін жоғалтамыз

және аудиториядан айырыламыз деген көкейлерінде күдік те бар сияқты. Дегенмен, қоғамдық резонанс тудыратын экстремалды жағдайлар орын алған кезде бүкіл жергілікті және республикалық маңызы бар телеарналар төтенше жағдай туралы ресми әрі толыққанды ақпарат алу үшін уәкілетті органның табалдырығын тоздырады. Телеарналар арасында бәсекелестік пайда болады.

Коммуникация және ақпараттық технологиялар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықтың төтенше жағдайлардан қорғану жөніндегі білімін арттыру, қорғанысын қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болып табылады. Төтенше жағдайлар органдары мен бұқаралық ақпарат құралдарының арасында қандай да болсын байланыс бар. Оған дәлел күнделікті телевизия, радио, газет-журналдар мен интернет сияқты ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп, жазылып, таратылып жатқан экстремалды жағдайлар. Ақпараттық ағында оларды күнде, тіпті күніне бірнеше рет естіп, көріп жүрміз. Дегенмен, осы таратылып жатқан ақпараттың басым көпшілігі жаңалық пен дерек ретінде тарих қойнауына еніп жатыр. Оқыту сипатындағы бағдарламалар жоқтың қасы. Адамдардың басым бөлігі қарапайым дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәсілдерін білмейді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, адамдар экстремалды жағдайда жылдам әрі дұрыс әрекет ететін болса талай адамның өмірін сақтап қалуға болар еді. Мысалы, Астана қаласының Сарыарқа көшесінде орналасқан «Гурман» дүкені алдында көк мұзға тайып, орта жастағы әйел мерт болды. Ол жерге құлаған соққыдан емес, шалқалап жатқанның салдарынан тілін жұтып мерт болған. Айта кету керек, сол сәтте зардап шегушінің қасына жиналған адамдардың біреуі де алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетуден бейхабар болған. Зардап шегуші жерге құлаған алғашқы сәттен оны алдымен қырынан жатқызып, кейін жедел жәрдем шақырғанда азаматша аман қалатын еді. Осы сынды мысалдар көп. Адамдар өздігінен ізденіп, білімдерін жетілдіре бермейді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алғашқы көмек көрсетуді, клиникалық өлім үстінде жатқан адамды анықтау, оның жүрегіне жанама массаж жасау тәсілдерін үйрететін арнайы бағдарламалар ұйымдастырған жағдайда халықтың білімі едәуір артатын еді.

Теледидар арқылы республика және шетелдерде орын алған төтенше жағдайлардан, оның зардаптары мен қаза болған адамдар туралы ақпараттық мазмұндағы жаңалықтарды көруге болады. Аталған ақпаратта қандай мекенде қандай төтенше жағдайлардың болғаны, одан келген шығын мен қазіргі жағдайы ғана баяндалады. Төтенше жағдайдан қалай қорғану керек, экстремалды жағдайдан кейінгі қабылданатын шаралар, салдарымен күресу сияқты ақпараттар көбінесе беріле бермейді. Тек қана «құрғақ» ақпаратпен ғана шектеледі.

Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары мен төтенше жағдай органдарының арасындағы байланыс бойынша тағы бір мысалды талқыласақ. 2010 жылдың тамыз айының 5 күні Астана қаласында экстремалды жағдай орын алды. Онда «Есіл» өзенінің бойындағы жағажайда шомылып жүрген адамдардың үстіне жәй оты түсіп, он бір адам бір мезетте жағада «жайрап» қалған болатын. Он бір адам зардап шегіп, соның ішінде жүкті әйел қаза тапқан болатын. Осы оқиғадан кейін Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметінде маза болмады. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, соның ішінде тележурналистер оқиға орнында уәкілетті орган қызметкерімен сюжет түсіру үшін барын салып тырысты. Оларды оқиғаның қалай болғаны қызықтырды. Ал, орган қызметкерлерін келесіде осындай қайғылы жағдайлар қайталанбас үшін халыққа найзағайдан сақтанудың жолдарын айту маңызды еді. Мұндайда екі тарап та өз мүдделерін алдыңғы орынға қойды. Бұл орынды да шығар. Себебі, төтенше жағдай органының міндеті түрлі төтенше жағдайлардан сақтандыру мен алдын алу шаралары болса, журналистің міндеті оқиға жайлы ақпарат алу.

Қоғамдық резонанс тудырған экстремалды жағдайлар кезінде адамдар дүрбелеңге түсуі мүмкін. Мұндай кезде оқиғаны естіген немесе көзімен көрген адамдар жағдайдың әрі қарай қалай болатыны, өздерін және жақын адамдарын не күтіп тұрғанын білу үшін ақпа-

рат іздей бастайды. Қазіргі ғаламтордың заманында ақпаратты бейресми көздерден алып, соның салдарынан түрлі жалған ақпараттар да тарауы ғажап емес. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті Оңайгүл Тұржан түрік зиялыларымен біріккен «Жұртшылықпен байланыс» атты еңбегінде: «Дағдарысқа ұшырағанда дағдарыс нәтижелеріне жауапкершілікпен қарамаса, дағдарысты жеңетініне өздері де сенбесе мақсатты топтың қолдауынан айырылуы табиғи жәйт. Сол себепті жаңадан жасалған іс-қимылдар арқылы мақсатты топтың сеніміне кірудің жаңаша кезеңін бастан өткеруге тура келеді» деп жазады [3, 29 б.]. Яғни, төтенше жағдай алдында немесе төтенше жағдай болғаннан кейін дүрбелеңге түскен халықты сабырға шақыру, ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін арнайы уәкілетті органдар ресми ақпаратты жылдам әрі объективті түрде таратуы тиіс. Әйтпегенде, халық арасында алып қашпа әңгімелер тарауы әбден ықтимал. Бұл өз кезегінде құтқарушылардың, қоғамдық тәртіпті қорғаушылардың жұмысына зиянын тигізеді.

Қандай мемлекеттің болса да, қай елдің болса да басты құндылығы халық пен аумақ болып табылады. Яғни, адам өмірі мен оның денсаулығы, қоршаған ортаның қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаев өз жолдауында «Қазақстан адамдардың өмір сүруіне қолайлы әрі ең қауіпсіз елдердің бірі болуы қажет» деп, нақты тапсырма берген болатын. Осы маңызды міндетті Төтенше жағдайлар органдары да қамтамасыз етеді» [4, 5 б.] деген. Бұл жерде Елбасы бүкіл табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғалған, барынша қауіпсіз мемлекет болу керектігін, ол үшін халық пен аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жүйесін дамыту, елдің азаматтық қорғанысын қалыптастыру мәселелерін меңзеген болатын.

Халық пен аумақтың, шаруашылық жүргізу нысандарының, стратегиялық маңызға ие объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Үкіметтің қаулысына сәйкес жергілікті атқару органдарынан бастап, меншік нысанына қарамастан бүкіл объектілердің басшылары мен қызметкерлерін санаттарға бөліп оқыту мәселесі жолға қойылған. Аталған халықты оқыту жүйесі «Төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету, хабардар ету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл міндетті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті мен оның бағынысты аймақтық, құрылымдық бөлімшелері. Аталған қаулы бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның оқу-әдістемелік орталықтарында оқытылатын лауазымды тұлғалар санаты және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде оқытуға жататын санаттар бар. Яғни, оқу екі жерде: бірі оқу-әдістемелік орталығында, екіншісі аймақтық бағынысты бөлімшелерде жүргізіледі. Алғашқысында Министрліктер мен агенттіктер, ірі ұлттық компаниялар мен республикалық маңызы бар мекемелердің, кәсіпорындардың, қауіпті нысандардың өкілдері біліктілігін арттырса, кейінгісінде қалалар, аудандар, ауылдық округ әкімдері мен олардың орынбасарларынан бастап, қарапайым мамандар мен жұмысшыларға дейінгі санатты оқыту жоспарланған. Әр санаттың өзіндік оқу мерзімі бар және ол арнайы сертификатпен куәландырылады. Сертификатты алу үшін біліктілігін арттыруға келген тұлға белгіленген мерзімдегі оқу курсынан өткеннен кейін тест тапсырады және оның нәтижесі қанағаттанарлық болған кезде ғана табысталады. Оқытылуға жататын санаттардың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де бар екенін айта кету керек.

Ақиқатында, төтенше жағдай мәселесіне үстіртін қарауға болмайды. Оны тікелей адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаның қауіпсіздігіне, тіпті бүкіл мемлекеттің экономикасына зиянын тигізетін фактор ретінде қарастыру қажет деп есептейміз. Өйткені, кез-келген табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар тұрғындарға, шаруашылық

объектілеріне, қалаларға, облыстарға, тіпті республикаға дағдарыс әкеле алады. Мысалы, 2019 жылы Арыс қаласындағы әскери қоймада болған жарылыстың алғашқы кезеңінде қала тұрғындары дүрлігіп, бейбіт жатқан халық соғыс басталып кеткендей қорқынышты күй кешті. Жан-жаққа бала-шағасын көтеріп алып жүрген аналар, жол -жөнекей жараланған адамдар, жолға түсіп, зымырай қашқан көліктер үрейді одан сайын үдетті. Кездейсоқ адамдардың төтенше жағдай орнынан түсірген әуесқой бейнематериалдары әлеуметтік желілер арқылы жылдам тарап жатты. Бұл көріністер бүкіл ел дүрлікті. Халық арасында алыпқашпа әңгімелер мен жалған ақпараттар беріле бастады. Осындай сәтте төтенше жағдайларға жауапты органдардың бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, дер кезінде ресми ақпарат беруінің қаншалықты маңызды екенін пайымдауға болады.

Бұл қайғылы жағдай жалғыз Арыс қаласының ғана емес, бүкіл қазақ елінің уайымына айналды. Техногендік апаттың салдарынан зардап шеккен халықты сабырлыққа шақыру мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Тоқаев Арыс халқының ортасына барды. Қираған қаланы қалпына келтіру үшін мемлекет қыруар қаражат бөлді, соның нәтижесінде Арыс қайта қалпына келді. Ел экономикасы орасан зор зардап шекпес үшін осы сияқты төтенше жағдайлардың алдын алып, сақтандыру жұмыстарын жүйелі жүргізген абзал. Ол үшін төтенше жағдайлар органдарының қызметкерлері бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты күшейтіп, оқыту сипатындағы бейнероликтер мен ақпараттарды жүйелі түрде таратып отыруы қажет. Олай болмаған жағдайда әрбір ірі апат дағдарысқа апарып соғуы ықтимал. «Дағдарыс кезінде кәсіпорын атқаруы тиісті маңызды шаруа - өзін мақсатты топтың орнына қойып көру керек. Тіпті өзін мақсатты топпын деп есептеуі қажет. Сонымен қатар мақсатты топтарға берген мәліметтерді сол топ тарапынан қабылданған-қабылданбағандығын, әлде мақсатты топтардың өз беттерімен анықтаған хабарламалары көлемінде ғана қалып қойған-қоймағандығын қатты ескеру қажет. Өйткені, үрейленген мақсатты топпен байланыс жасағанда осы топтың тыныштануы және кәсіпорынның қиындықты жеңіп шыға алатынына деген сенімі дағдарыстан шығуға көмектесетін күштердің бірі болып табылады. Мақсатты топтың ашу-ызасы мен дүрлігуі дағдарысты одан сайын ушықтыратын жағдай болып табылады. Ең маңыздысы – берілетін хабарламаларда және қолға алынған шараларда осы тосқауылды жеңуге бағытталған жұмыстардың кәсіпорын тарапынан тез арада жасалуы қажет» [3, 29 б.].

Бұл мысалдағы кәсіпорынды билік деп алсақ, мақсатты топ – халық болмақ. Арыс қаласындағы төтенше жағдайдың алғашқы уақытында халық пен билік арасында түсініспеушілік жағдай туындағандай болды. Дегенмен, телевизия, радио, баспасөз, ғаламтор желілері арқылы уәкілетті органдардан ресми ақпараттар тарап, түсіндіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін, жедел штаб құрылып, Президент оқиға орнына арнайы барғаннан кейін ғана жағдай тұрақталды. Билік халыққа қабылданған нақты шаралар туралы айта бермейді, соның салдарынан өтірік әңгімелер туындап, жалған ақпарат тарап, тұрғындар алдарында не болатынын біле алмағандықтан жаппай қарсылыққа, ашуға бой алдырады. Бұл түсінбеушілік билік пен халықтың арасындағы сенімге сызат түсіреді, дағдарыс туғызады. Мұндай жағдайларға жол бермеу мақсатында Үкімет пен жергілікті билік бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерін пайдалана отырып, шынайы әрі объективті ақпарат беруі тиіс. Әлеуметтік инновацияны зерттеуші Джемма Терри айтқандай: «Қазір адамдардың көпшілігі төтенше жағдайлар кезіндегі білімнің қаншалықты маңызды екенін енді түсініп келеді» [5].

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 50 қаулысына сәйкес, төтенше жағдайлар туралы халықты хабардар етуді табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұйымдастырады. Аталған жұмысты дұрыс әрі жүйелі ұйымдастыру билікке, соның ішінде өкілетті органдарға деген халықтың жалпы көзқарасын қалыптастырады деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тергембаева К.І. Төтенше жағдай және бұқаралық ақпарат құралдары: ақпараттандырудың өзектілігі және оның қоғаммен байланыстағы рөлі: магистрлік диссертация. - Астана, 2016. - 80 б.
- 2 Нуриден Р. Қазақ рухани журналистикасы. – Павлодар: Кереку, 2012. - 238 б.
- 3 Окай Айла, Окай Айдемир, Тұржан Оңайгүл. Жұртшылықпен байланыс (PR): негізгі ұғымдар, стратегиялық тұжырымдамалар мен тәжірибелер: оқулық. 2-ші кітап. – Астана, Фолиант, 2014. - 335 б.
- 4 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің баспасөз қызметі. Қауіпсіздік әліппесі. // «Пожарный и спасатель» журналы - 2015. - №7 (81). – С. 5-6
- 5 Джемма Терри. Төтенше жағдайлар кезіндегі білім неге маңызды [Электрон. ресурс]. - URL: <https://www.pearsonlearned.com/why-education-is-as-important-as-shelter-food-and-water-in-emergencies> (Қарастырған күні: 06.06.2019)

К.И. Тергембаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Роль средств массовой информации в экстремальных ситуациях

Аннотация. С приобретением независимости Казахстану необходимо было восстановить все ключевые сферы общественных отношений, особенно требовалось пересмотреть систему гражданской обороны в стране и защитить население и территорию от чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера. Комитет по чрезвычайным ситуациям Министерство внутренних дел Республики Казахстан со своими территориальными подразделениями и подведомственными организациями, силами и средствами представляет собой оперативную службу по реагированию на чрезвычайные ситуации природного и техногенного характера. Данная научная статья посвящена тому, как средства массовой информации в экстремальных ситуациях работают с оперативными службами и предоставляют аудитории необходимую информацию. Автор приводит примеры работы журналистов в условиях чрезвычайной ситуации, анализирует их, приходит к определенным выводам и дает свои рекомендации.

Ключевые слова: экстремальная ситуация, средства массовой информации, связь с общественностью, государственный орган, информирование населения.

K.I. Tergembaeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The Role of Mass Media in Extreme Situations

Abstract. With independence, Kazakhstan needed to restore all key areas of public relations, especially it was necessary to review and create a civil defense system in the country and protect the population and territory from natural and man-made emergencies. The Committee for Emergency Situations, the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, with its territorial divisions and subordinate organizations, forces and means, is an operational service for responding to emergency situations of a natural and man-made nature. This scientific article discusses how the media in extreme

situations work with operational services and provide the audience with the necessary information. The author gives examples of the work of journalists in emergency situations, analyzes them, comes to certain conclusions and gives his recommendations.

Keywords: extreme situation, mass media, public relations, government agency, public awareness.

References

- 1 Tergembaeva K. Chrezvychaynaya situatsiya i sredstva massovoy informatsii: aktual'nost' informirovaniya i svyaz' s obshchestvennost'yu: Master's diss. [Emergency situation and mass media: relevance of communication and public relations]. (Astana, 2016, 80 p.). [in Kazakh]
- 2 Nuriden R. Kazakhskaya dukhovnaya zhurnalistika [Kazakh spiritual journalism], (Kereku, Pavlodar, 2012, 238 p.). [in Kazakh]
- 3 Окай Аила, Окай Аидемир, Турзхан Онаигул. Svyaz' s obshchestvennost'yu [Public Relations] (PR): osnovnyye ponyatiya, strategicheskiye kontseptsii i praktiki [key concepts, strategic concepts and practices], Uchebnik. 2-kniga [Textbook. 2-book], (Foliant, Astana, 2014, 335 p.). [in Kazakh]
- 4 Azbuka bezopasnosti [The ABC of security]. Press sluzhba Komiteta po chrezvychaynym situatsiyam Ministerstvo vnutrennikh del Respubliki Kazakhstan [Emergency Committee Press Service Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan], («Pozharnyy i spasatel'») [«Firefighter and lifeguard»], 2015, (81) 7, 5-6 p.). [in Kazakh]
- 5 Gemma Terry. Why Education is So Important in Emergencies [Electronic resource] Available at: <https://www.pearsonlearned.com/why-education-is-as-important-as-shelter-food-and-water-in-emergencies> (Accessed 06.06.2019) [in Kazakh]

Сведения об авторе:

Тергембаева К.И. – докторант факультета журналистики и политологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича, 6, Нур-Султан, Казахстан.

Tergembaeva K.I. – Doctoral student, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkeevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 19.41.07

С. Тулебаева

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: sand.8484@mail.ru)

Медиабілім берудің теориялық негіздері мен мәселелері

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың соңында интернеттің пайда болуы мен таралуына байланысты медиа саласындағы «медиабілім» терминін қолдану аясы кеңейгенін, күнделікті қолданыстың жиіленгенін, күрделенгендігін айта отырып, жаңа ағымдардың пайда болу себептерін анықтайды. Осыған орай бұл ұғымға лайықты жаңа, тың анықтамалар беріле бастады. Алайда, солай болғанымен дүниежүзілік деңгейде педагогикалық ғылымда медиабілімнің не екенін анықтайтын, нақты бір ізге түсірілген, бірыңғай терминология жоқтың қасы. Жоғарыда айтқанымыздай бұл тұрғыда тек, «медиабілім» беруді зерттеп жүрген ғалымдардың әр кезеңге сәйкес ұсынған түрлі нұсқалары бар. Сондықтан мақалада Қазақстандағы медиабілім беру деңгейі, жалпы медиа, медиабілім дегеніміз не, оның мақсаты мен міндеттері және бағыттары қандай дәрежеде деген сауалдар төңірегінде әңгіме қозғалып, ғылыми тұрғыдан алғанда жан-жақты пікірлер айтылады.

Түйін сөздер: медиабілім, медиасауаттылық, медиамәдениет, медиапедагогика, бұқаралық ақпарат құралдары, ақпараттық коммуникация.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-129-4-36-41>

Кіріспе. ХХІ ғасыр ақпараттардың дамыған дәуірі десек, онда әлемді бұқаралық ақпарат құралдарынсыз (БАҚ) елестету өте қиынға соғары анық. Бұдан біздер БАҚ адам өміріне дендей еніп қана қоймай, оның маңызды бір саласына да айналғанын байқаймыз. Бұл көрініс әлеуметтік медианың қолданыс аясының жоғары екендігін көрсетеді. Яғни, бұрынғандары адамзат баласы бірнеше жылдар қабылдауды қажет ететін ақпарат көлемін бүгінгі күні бір мезетте қабылдау мүмкіншілігі туып отыр. Алайда, осыншама толассыз ағылған ақпарат ағынын кімге болсын өз бетінше сарапқа салу оңайға соқпайтыны тағы да белгілі. Шеті-шегі жоқ ақпаратты қабылдау, одан тиісті қорытынды шығару арнайы білімді қажет ететіндігі аян. Әйтпесе, жаһанданған әлем мен оған бағынышты қоғам туралы теріс көзқарас туындауы әбден мүмкін. Осыған орай қазірдің өзінде-ақ, жауабы жоқ көптеген сауалдар туындап отырғандығы жасырын емес.

Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының адамға, оның санасына, тіршілігіне және дүниетанымына ерекше әсер ететіндігін дәлелдеп жатудың қажеті шамалы. Әрине, бұл үшін ол өзіне тән барлық айла-әдістерінің ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелерін пайдалана отырып, жаңа қоғам үшін жаңа тұлғаны қалыптастырды деуге айғақ бар. Ал, осы жаңа жеке тұлғаның жан-жақтан ағылған ақпарат ағынына қарсы тұра алуы үшін білім қажет. Ондай білім – медиабілім, медиа сауаттылық және медиа мәдениет болмақ.

Медиабілім беру, ақпараттық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, медиа мәдениет сияқты ұғымдар жоғарыда айтқанымыздай дүниежүзінде ақпараттық технологиялардың жаһандануы мен серпінді дамуы жағдайында пайда болғандығы ақиқат. Оның өзектілігі мен қажеттілігі жылдан-жылға артып келе жатқандығы да мәлім. Сондықтан, бүгінгі жас ұрпақ ақпарат тасқындарының қарапайым қабылдаушысы болып қана қоймай, оның белсенді тұтынушысы ретінде талдаушысы, яғни ғылым тілімен айтқанда сараптаушысы да бола алғаны жөн. Сонымен, медиа, медиабілім дегеніміз не, оның негізгі мақсаты мен міндеттері және бағыт-бағыттары қандай деген сауалдарға жауап іздестіріп көрелік.

«Медиа» термині қазіргідей жаһандану заманында жиі қолдану аясына байланысты жоғарыда тоқталып өткеніміздей көптеген түрлі мағыналарға ие көп ауқымды, көп аспектілі ұғым. Медианың көп аспектілігі ғылымның түрлі салаларында жеке пән ретінде

зерттелуімен қатар, адамдар өмір сүріп жатқан қоғамның техникалық-технологиялық, әлеуметтік, мәдени-идеологиялық, экономикалық және басқа да параметрлерін де молынан қамтиды. «Медиа» ағылшын тілінен аударғанда «бұқаралық ақпарат құралдары» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан теледидар, радио, газет, интернет сияқты ұғымдардың жиынтығы болып саналады.

XVIII ғасырдан бастап бұл ұғым алғаш рет бұқаралық ақпарат құралдарына – газеттерге, кейінірек - журналдарға қатысты қолданылды. Ал, технологиялық революция дәуірінде, яғни электрлі коммуникация құралдарының пайда болуына орай оның қолдану аясы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда еселене түсті. Сондай-ақ, XIX ғасырдың орта тұсынан бастап медиа ұғымы электр, медиа-телеграф, радио, телефон сияқты техникалық байланыс құралдарына қатысты толығып жаңа, тың серпіліске ие болды. Уақыт өте келе XX ғасырдан бастап БАҚ, енді бұқаралық коммуникация терминдерімен тығыз байланыс орнатып, өзінің жаңа қадамын бастады.

XX ғасырдың соңғы ширегінде интернеттің пайда болуы мен көз ілеспес жылдамдықпен тарала бастауына байланысты медиа саласындағы «медиабілім» терминін қолдану аясы да күрт ұлғайды. Алайда, осыған қарамастан дүниежүзінде әлі де болса медиабілімнің не екенін анықтайтын бірыңғай терминология жоқтың қасы. Тек, жоғарыда ескертіп өткеніміздей зерттеуші ғалымдардың «медиабілім» терминіне берген әрқилы нұсқалары ғана бар. Ал, бізде «медиабілім» терминіне орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде: «Медиабілім беру – педагогика ғылымының негізгі бағыты» [1, 85 б.], -деген анықтама берілген. Ал, ЮНЕСКО-ның құжаттарында бұл туралы: «Медиабілім» педагогикалық теория мен практикада арнайы және автономды саланың бөлігі ретінде қарастырылатын заманауи бұқаралық коммуникация құралдарын меңгеру үшін теория мен практикалық дағдыларды оқыту», -деп жазылған [2]. Сондай-ақ, Ресейдің медиабілім беру саласындағы жетекші маманның бірі Ю.Н. Усова: «Медиабілім беру – бұл бұқаралық коммуникация құралдары материалындағы құрал тұлғасының даму үдерісі» деп тұжырымдайды [3, 25 б.]. Бүгінгі күні көптеген ағылшын тілді елдерде «медиабілім» (media education) термині – «медиа сауаттылық» («media literacy») терминімен алмастырылған.

Негізі «медиа сауаттылық» ұғымы әуел бастан экрандық медиаға қатысты қолданылған «сыни көзқарас» және «визуальды сауаттылық» терминдерінен бастау алады [4]. Әлбетте, ғылыми әдебиеттерде бұл біз қарастырып отырған терминмен қатар тағы да басқа сауаттылыққа қатысты «технологиялық сауаттылық», «ақпараттық сауаттылық», «компьютерлік сауаттылық» терминдері де қатарластырыла айтылып жүр. Мұны Л. Мастерман, А.В. Шариков, А.В. Спичкин сияқты зерттеуші ғалымдар да «медиа сауаттылық – медиабілім ұғымының бір бөлігі», - деп қолдау көрсетуде [5, 6, 7].

Медиабілім жер-жаһанда өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ерекше даму деңгейіне көтерілген. Қазіргі кезде бұл термин әртүрлі ақпарат көздерінен алынатын хабарларға сыни тұрғыдан қарауға бағытталған. Сондықтан оқырмандары, көрермендері мен тыңдармандарына шынайы және объективті ақпаратты ғана жеткізуге тырысады. Ол үшін нақты, деректі ақпараттарды іріктеу жұмыстарын жүргізеді. Бір сөзбен айтқанда ақпарат көздерімен жұмыс істеу, қажетті ақпаратты іздеп табу дағдылары мен біліктерін қалыптастырады.

Медиабілім - медиа саласында білім беру нысандары үшін ортақ термин. Себебі, медиабілім - қазіргі заманғы коммуникациялардың барлық спектрін қамтиды. Олардың түрлі қырларын зерттеумен қатар оқыту процесін де жүргізетіндіктен медиа сауаттылық медиабілімнің соңғы нәтижесі болып саналады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда медиабілім беру өзекті мәселелердің бірі әрі бірегейі десек қателеспейміз. Өйткені, дүниежүзінде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы оның аудиториясына да айтарлықтай әсер етуде. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстанда медиабілім беру арқылы медиа сауаттылықты арттыру кезек күттірмес жай екендігі жасырын емес.

Тәуелсіздік алған кезеңге дейін Қазақстан КСРО құрамындағы мемлекеттің бірі болғандықтан медиабілім ұзақ жылдар бойы қатаң идеологиялық қысымда болды. Сондықтан көптеген дереккөздерге (журнал, кітап, радио, телебағдарлама, газет, фотосурет, фильм, дыбыс жазбаларына) қол жеткізу мүмкін болмады.

Қазақстандағы посткеңестік кезеңдегі медиабілім концепциялары мен генезисін талдау барысында зерттеуші И.В.Челышева оның дамуының екі негізгі кезеңі болғандығын атап көрсеткен [8].

Демек, бірінші кезеңде (1990-1999 жылдар аралығы) қазақстандық медиабілім дамуының сипаты көп жағдайда КСРО-ның бұрынғы республикаларындағы саяси қайта құрулармен астарлас болды. 1990-ші жылдардың басында Қазақстан егемен, тәуелсіз мемлекетке айналды. Соған орай мәдениет және білім саласында елеулі өзгерістер орын алды. Медиабілім беру процесінде де айтарлықтай жаңалықтар болды. Бұл жылдары медиапедагогтардың назары сыни автономия, семиотикалық және мәдениеттанушылық дамумен байланысты Батыс медиа-педагогтарының инновациялық тәсілдеріне көбірек ойысу байқалды.

Қазақстандағы медиабілім беруді дамытудың екінші кезеңі (2000-2018 жылдар аралығы) медиатеchnологиялардың қарқынды дамуымен және медиа-технологияларды білім беру кеңістігіне енгізумен тығыз байланысты болды. Елдегі медиабілім беру процесінің күрт дамуы барысында сыни ойлау теориясының ұстанымдары, семиотикалық, мәдениеттанушылық және әлеуметтік-мәдени тәсілдер нығайды. Көп жағдайда бұл үдеріске әлемдік тәжірибеге жүгіну ықпал етті.

Посткеңестік кезеңде Қазақстандағы «Елдің зияткерлік әлеуетін қалыптастыру үшін медиабілім беру технологияларын әзірлеу» бағытында зерттеу жүргізген профессор Л.С. Ахметованың пікірінше, Қазақстанда бұқаралық медиабілім беру үрдісі бертінде, яғни 2010 жылдан бастап қарқынды дами бастаған деген қортындыға келген. Елдегі медиабілім рөлінің бұлайша артуына ақпараттық саясат пен азаматтық сектор қызметінде болып жатқан трансформациялық өзгерістер дәлел. Бұл орайда медиалық ұйымдар үкіметтік емес сектордың жаңа технологияларына оқыту бойынша жан-жақты жұмыс жүргізуде [9].

Медиабілім берудің негізгі міндеттеріне заманауи ақпараттық технологияның дамыған жағдайында жаңа өскелең ұрпақты өмірге, түрлі ақпаратты қабылдауға дайындау және техникалық құралдардың көмегімен коммуникацияның тәсілдерін меңгеруге үйретуді жатқызуға болады.

Қазіргі заманғы медиабілім беруде төмендегідей негізгі бағыттар көрсетілген:

- 1) болашақ маман – журналистерге (баспасөз, радио, теледидар, интернет), кинематографист, редактор, продюсерлерге медиабілім беру;
- 2) университеттерде, педагогикалық институттарда, жоғары оқу орындары мен мектеп оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесінде болашақ педагогтарға медиабілім беру;
- 3) медиабілім дәстүрлі пәндермен немесе автономды (арнайы, факультативтік, үйірмелік және т. б.) біріктірілуі нәтижесінде жалпы білім берудің құрамдас бөлігі ретінде мектеп оқушылары мен студенттерге медиабілім беру;
- 4) қосымша білім беру мекемелері мен демалыс орталықтарындағы медиабілім;
- 5) телевизия, радио, интернет жүйесі арқылы оқушыларға, студенттер мен ересектерге қашықтықтан медиабілім беру;
- 6) дербес үздіксіз медиабілім.

Қазақстанда медиабілім беруді енгізу қажеттілігі туралы Д.Н. Назарбаева «Бизнес-тегі әйелдер-2009» форумында сөйлеген сөзінде: «Білімді қоғам ғана заманауи прогрессивті идеяларды тез қабылдап, дамыған елдер қатарында бола алады. Медиабілім - қоғамның, медиапрофессионалдар мен биліктің ортақ ынтымақтастық аймағы болуға тиіс. Олай болмаған жағдайда, қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес», - деген болатын [10].

ҚР Парламентінің депутаты, Г.М. Ықсанова да ҚР-дағы медиабілім дамуының өзектілігін атап өтті [11]. Бұдан шығатын қорытынды еліміздің жастары медиаконтентті тұтынып қана қоймай, оны сыни тұрғыдан сараптап, бағалап, медиа ақпараттың шығармашылық пайдаланушысы болуға үйренуі тиіс. Бұл үшін оларға тиісті деңгейде медиабілім беру керек және бұл медиа саласында білім беруді ерте кезден, мектептен бастау керек.

Әрбір медиа контентті тұтынушы мәліметтерді алу үшін ең бастысы жаңа технологияларды тиімді қолданып қана қоймай, алған ақпаратпен алмаса білуі де қажет, қауіпті агрессивті сипаттағы медиаконтентті танып және сыни бағалап талдау жасай білуі тиіс. Мысалы, медиа-білім беру саласында Батыс елдері тәжірибелерінде педагогикалық стратегия ретінде ең алдымен медиа арқылы оқушының жеке басын дамыту үшін оның шығармашылық, коммуникативтік және сыни ойлау қабілеттерін, медиамәтіндерді түсіндіру, талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыруға ұмтылады. Медиабілім беру жалпы білім беру мекемелерінде сондай-ақ мектеп, колледж және жоғары оқу орындарында жүргізілуі тиіс. Оны негізгі пән немесе қосымша пән ретінде жастар орталықтарында оқытуға болады.

Қазақстан мемлекетіндегі маңызды «Цифрлық Қазақстан – 2020» бағдарламасында ел экономикасын, жекелеген салаларды цифрландыру қажеттілігі айтылған болатын және бұл үшін кәсіби кадрларды да, бүкіл халықты да даярлау қажет, яғни өскелең ұрпақтың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау мақсатында медиа білім беру арқылы медиасауаттылықты арттыру аса маңызды [12].

Қазақстан Республикасында медиа білім беруді енгізу мен дамытуды мемлекеттік өкілетті орган функцияларының бірі ретінде заңнамалық деңгейде бекіту қажет [11].

Қорыта келгенде айтарымыз, Қазақстандағы медиабілімді зерттеу үшін ең алдымен шетелдік теоретиктер мен медиабілім тәжірибелерінің жетістіктеріне сүйену қажет. Өйткені, медиабілім 1960 жылдардан бастап әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінде пайда болған. Кейбір мемлекеттерде медиабілім балабақшаларда оқыту жүйесіне енгізілсе, екінші бір мемлекеттерде мектепте міндетті пән ретінде оқытылады. Жеме-жемге келгенде барлық батыс елдерінде орта білім беру жүйесінде медиабілім бойынша курстар бар. Тіпті, жақын Ресей мен Украина мемлекеттерінде де бұл пән жекелеген орта мектептерде пән ретінде оқытылады. Бұл медиативтік қарым-қатынастың басты мақсаты-өскелең ұрпақты медианың мәдени процесіне бейімделуге, БАҚ тілін меңгеруге, медиа актілерді талдай білуге үйрету. Сонымен бірге Қазақстанда медиабілім беру мәселесі күрделі терең зерттеуді қажет ететін журналистика ғылымның да бір саласы екендігін есте сақтауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. / Құрастырған: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, - Павлодар: Кебеке, 2006. - 482 б.
- 2 Media Education. - Sankt-Peterburg: UNESCO, 1984. - 211 p.
- 3 Усов Ю.Н. Медиаобразование в России // Доклад на российско-британском семинаре по медиаобразованию. / Ю.Н. Усов - Москва, Россия, 1995. - 218 с.
- 4 Considine D. Media Education in United States of America // In: Educating for Media and the Digital Age. Country Reports. / D. Considine - Austrian Federal Ministry of Education and Cultural Affairs & UNESCO, 1999. – P. 125-128.
- 5 Masterman L. Teaching the Media. - London: Comedia Pres, 1988. - 318 p.
- 6 Спичкин А.В. Что такое медиаобразование. / А.В. Спичкин – Курган: Изд-во Ин-та повышения квалификации и переподготовки работников образования, 1999. – 114 с.
- 7 Шариков А.В. Медиаобразование: мировой и отечественный опыт. / А.В. Шариков - Москва: «Академия педагогических наук», 1990. - 254 с.

- 8 Chelysheva I.V. Media Education in Kazakhstan // European Researcher. Series A., - 2018. № 9(3). - P. 216-218.
- 9 Ахметова Л.С. Медиаобразование в Казахстане / Л.С. Ахметова // International journal of applied and fundamental research - 2014. № 3. – С. 37-38.
- 10 Центр исследования правовой политики. Внедрение и развитие в Казахстане медиаобразования. Почему это необходимо? [Электрон.ресурс]. - URL: <https://www.caravan.kz/news/sovremennoe-obshhestvo-dolzno-byt-kritichnym-v-otnoshenii-predlagaemojj-ili-navyazyvaemojj-informacii-nazarbaeva-257564/> (Қарастырған күні: 27.11. 2019)
- 11 Центр исследования правовой политики. Внедрение и развитие в Казахстане медиаобразования. Почему это необходимо? [Электрон.ресурс]. - URL: <http://m.inform.kz/ru/article/2616227> (Қарастырған күні: 27.11.2019)
- 12 Об утверждении Государственной программы «Цифровой Казахстан». Постановление Правительства Республики Казахстан [Электрон.ресурс]. - URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (Қарастырған күні: 27.11. 2019)

Тулбаева С.К.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Теоретические основы и проблемы медиаобразования

(<https://www.internetworldstats.com/emarketing.htm> сайтынан алынды)

Мерзімі	Қолданушылар саны	Әлем халқының саны %	Ақпарат көзі
1995 ж. желтоқсан	16 миллион	0,4%	Әлемдік интернет-статистика
2005 ж. желтоқсан	1 018 миллион	15,7%	Әлемдік интернет-статистика
2015 ж. желтоқсан	3,366 миллион	46,4%	Әлемдік интернет-статистика
2017 ж. желтоқсан	4 156 миллион	54,4%	Әлемдік интернет-статистика
2018 ж. маусым	4 208 миллион	55,1%	Әлемдік интернет-статистика

Кестеде көрсетілгендей, 1995 жылдың желтоқсанында әлемдегі халықтың 0,4% интернетті пайдаланған. Яғни 16 миллион пайдаланушы интернетке қосылған. 2005 жылы пайдаланушы 1 миллиард, 2015 жылы 3 миллиардқа өсті. 2017 жылғы желтоқсанда әлем халқының 54,4% Интернет қол жетімді болды. 2018 жылдың маусым айындағы деректер бойынша 4 миллиард 208 миллион пайдаланушы интернетті тұтынады. Жер халқының 55% - ы интернетке қосылған.

Жаһандану процесі Қазақстанды айналып өтпеді. Қазақстан Орталық Азияда телекоммуникациялық сектор бойынша көш бастап тұр. Азияның басқа елдерімен салыстырғанда Қазақстанда кең жолақты интернет қол жетімді, ұтқыр интернет белсенді пайдаланылады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2017-2021 жылдар кезеңінде цифрландырудың бәсекеге қабілетті ұлттық инфрақұрылымын құруға бағытталған.

Сандық технология көршілес Ресейдегі ақпарат тарату саласын да өзгертті. Жаңа медианы табысты пайдаланған басылымдар монетизациялау тәжірибесін пайдалана отырып пайда табуда. АКАР мәліметтері бойынша, ресейлік баспа басылымдарына жарнамадан түскен түсімдер 2018 жылдың тоғыз айында 10% - ға қысқарды. Ал Интернет-медиа, соның ішінде басылымдардың онлайн нұсқалары 2017 жылы 12 млрд рубль көлемінде жарнамадан пайда тапты. Бұл жағдайда газеттер мен журналдар оңтайландырылады, кейбіреулері жабылады, кейбіреулері басқа нұсқаға ауысады.

2018 жылы Ресейдегі ең ірі ақпараттық агенттік РБК жарнаманы көргісі келмейтіндерге ультриматум орнатты. Яғни, жарнаманы оқшаулайтын пайдаланушылар үшін сайтқа кіруге тыйым салынған, ақылы жазылу ұсынылады.

Ресейде ең танымал бизнес жобалардың бірі-краудфандинг. «Медиазон» және басқа басылымдар оқырмандардан түскен қайырымдылық қаражат есебінен өмір сүреді. Тіпті «The New Times» және «7×7» интернет-журналы Роскомнадзордың айыппұлын төлеуге қаражат жинады. Бұл бірінші жағдайда 22 млн рубль, екінші жағдайда 840 мың рубль болды. Мобильді құралдардың таралуы және мобильді интернеттің жеделдігі медиатұтыну ісінде жаһандық өзгерістерге алып келді. Media Consumption Forecasts жүргізген зерттеуге сәйкес, 2018 жылы Ресейдегі халық гаджеттерге 24% уақыт жұмсады. 2011 жылы ол тек 5 пайызды құрады. 2020 жылы медиатұтынудың 28% - ы мобильді интернетті пайдаланады деп болжанып отыр.

2018 жылы мобильді құрылғылардағы Рунет аудиториясы алғаш рет десктоп аудиториясын басып озды, деп хабарлайды Mediascop зерттеу компаниясы. Мобильді аудито-

рияның танымал ресурстары «ВКонтакте», мессенджер Whatsapp, Google, Яндекс және Instagram. Олардың әрқайсысы 20%-дан астамын пайдаланады [1].

Ресей мемлекетіндегі ақпараттық кеңістікте болған өзгерістердің Қазақстанға ықпалы зор. «Виртуалды кеңістіктің қарқынды дамып келе жатқан технологиясы журналист мамандығын да өзгертетінін елестетпеу мүмкін емес. Алайда мамандықтың ішкі негізі, оның әлеуметтік маңызы жалпы өзгерген жоқ. 2010 жылы журналист-роботтар ғылыми фантастика ретінде танылды, ал 2015 жылы шындыққа айналды. 2012 жылы әріптестерімен бірге «РИА-Новости» редакциясына Chartbeat технологиясын енгізумен айналыстым. Бұл технология ақпараттық сайтты пайдаланушының қызметі туралы «тікелей эфир» жасайды.

Өткен бесжылдықтың көрсетуінше, технология қызмет көрсету функциясын орындайды және олар адамдар тарапынан әсерді күшейтеді немесе әлсіретеді. Кез келген технология шындыққа, шындыққа, түсіндіру қабілетіне, тәуелсіз талдауға, уайымдауға және беруге деген көзқарасты өзгерте алмайды. Бұл журналистік іске жаңа «сандық ақиқат» ұсынатын ең басты сабақ,-дейді ресейлік ғалым С. Шомова.

Chartbeat технологиясы деректерді талдау саласындағы үздіктердің бірі болып табылады. 2012 жылы Ресейде пайдалануға берілген аналитикалық құрал - пайдаланушылардың сайт ішінде, сайттың жеке бетінде және сайттың нақты элементтеріне қаншалықты уақыт бөлетінін қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл ретте өлшемдер екі негізгі параметр бойынша орындалады: recirculation (қайтару, сайт беттеріне өту, парақтағы элементтермен өзара іс-қимыл) және engaged time (сайтта пайдаланушылардың белсенді өткізу уақыты, сессия ұзақтығы). Сервисті әлемнің 60-тан астам елінде USA Today, CNN, The New York Times, Vox, Fox News Channel, The Washington Post, MSN, BBC, le Monde, Ringier, The Independent, El Tiempo, Caracol Television, Nikkei America, Media Prima сияқты БАҚ-тар пайдаланады. Chartbeat жобасы Қазақстандық БАҚ-та 2018 жылы іске қосылды. «Жоба аясында 25 қазақстандық онлайн-басылым әлемнің жетекші БАҚ-тарында қолданылатын жаңа құралдарға қол жеткізеді. Жобаның операторы Қазақстандық баспасөз клубы болып табылады. Жоба Қазақстандағы АҚШ елшілігі арқылы инновациялар қоры есебінен қаржыландырылады. Chartbeat-ты редакциялық жұмысқа енгізу отандық БАҚ-тарға аудиторияны дұрыс талдауға, жақсы түсінуге, онлайн-өлшеудің дәл әдістерін пайдалануға және контенттің сапасын арттыруға көмектеседі. Жоба редакциялық саясатта метрикаларды кеңінен тарату арқылы онлайн-нарықтың жалпы кәсіби деңгейін арттырады. Қазіргі заманғы әдістерді қолдану отандық БАҚ-тың оқырман аудиториясын кеңейтуге және жарнамадан түсетін табысты арттыруға мүмкіндік береді. Конкурс негізінде 25 қазақстандық онлайн-басылым іріктеліп алынды, олар Қазақстан нарығында бірінші болып Chartbeat құралдарын тегін пайдалана алады. Сондай-ақ, жобаға қатысушылар оқудан өтіп, компания өкілдерінен тегін кеңес ала алады», -деп хабарлайды қазақстандық ақпарат көзі.

Журналистиканың кәсіби сипаты өзгерді. Түрлі медиақұралдар конвергенттік редакцияның пайда болуына әкелді. Аудитория баспасөзде көтерілген тақырыпқа, ақпараттық саясатты қалыптастыруға ықпал ете бастады.

Ақпараттық нарыққа енген жаңа сандық технология медиа тұтынудың дәстүрлі түрлерін өзгертті, бұл көптеген бұқаралық ақпарат құралдарын оқырманды ұстап қалу жолдарын өзгертуге мәжбүр етті. Баспа басылымдары қағазға, баспаға, оның таралуына қаржы жұмсайды. Интернет ақпаратты тез және арзан таратуға көшті. Бүгін оқырмандар газеттен емес, интернеттен ақпарат алуға үйренді. Газет оқырмандарының саны күрт қысқарды. Көптеген газет басылымдары интернетте сайттарын ашты. Алайда сайттың ашылуы газетті құтқара алмады. Нарықтағы бәсекелестік бұл сайттарды мультимедиялық порталға айналдыруға мүмкіндік берді. Сайтта подкаст, видеороликтер, фотогалерея, анимация, слайдшоу, радио-сұхбат, бейнерепортаж, видеоролик, инфографика, дауыс беру, рейтинг, бағалау, флеш ойындар және т. б. аудиторияны тек түрлі формалар арқылы ғана ұстап тұруға бола-

ды. Өртүрлі сандық құралдарды біріктіре отырып, ақпаратты аудиторияға беретін медиа-конвергенция деген ұғым пайда болды.

Дигитализация - мәтін, дыбыс, бейне арқылы мультимедиялық өнім жасау. «Мультимедиялық қызметтер, желілік қызмет көрсету, бағдарламалық өнімдерді жасау ажырамайтын байланыстармен бекітілген жаңа интеграцияланған нарық құрылды» [3]. Ғалым Е.А. Баранованың пікірі бойынша, конвергенция сандық құралдар арқылы бір реттік контентті бірнеше рет тираждау және түрлі медиаплатформаларға ұсыну [4]. Бұл ақпаратты берудің түрлі нысандарын табуға мүмкіндік береді. Мәтіннен басқа, мұнда фотосуреттер, бейнетаспалар, инфографикалар, радиобөлшектер болады. Мультимедиялық журналистикада шектеулер жоқ.

«Мәліметтер мен пікірлерді жинау кезінде оқырманға қандай формада ақпарат беру керектігі анықталады. Сөзді түсіндіру қажет болған жағдайда, картаны, диаграмманы, кестені, слай-шоуды көрсету қажет. Ал оқырмандар пікірді білу керек болса, пікір қалдыра алатын пішін ойлап табады. Мультимедиялық редакцияда журналист оқырманның назарын аударатын режиссерге айналу керек» [5].

Бүгінде барлық қазақстандық редакциялар конвергенттік режимге көшуге дайын емес. Жас басылымдар жаңалықты оңай қабылдады, ал дәстүрлі, ұзақ жылдық тарихы бар басылымдарға мультимедиаға өту оңай болмады.

Бүгінде көптеген басылымдар өз контентін тарату үшін жаңа платформаларды пайдалана бастады. Бәсекелестік баспа басылымдарының интернет-сайттарын жасауға, оларды мультимедиялық порталға айналдыруға мәжбүр етеді. Басылымдарға сұраныстың төмендеуі редакцияларға конвергенттік тәсілмен жұмыс істеуге мүмкіндік берді. «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» республикалық газеттеріне QR-кодты енгізумен электрондық басылым тізбегі құрылды, ол оқырманға гаджеттің қосымшасы арқылы газеттің электрондық нұсқасына көшуге мүмкіндік берді.

«Егемен Қазақстан» газетінің сайты 3 нұсқада жұмыс істейді, сондай-ақ кириллица, араб графикасы, латын нұсқасы негізінде Еуропадағы және Түркиядағы Қытай Халық Республикасындағы қазақ диаспораларына арналған беті бар. Сондай-ақ Android, iOS, Windows Phone үшін бағдарламалар жасалған. Дегенмен, елде сайттар рейтингісін ұсынатын жоғары рейтингі бар бірінші жиырмаға KZ сайтында баспа БАҚ-тың бірде-бір электрондық нұсқасы кірген жоқ. Кейбір редакциялар онлайн режимге көшті, кейбіреулері жабылды. 2016 жылы «Алаш айнасы» газеті нұсқасын жауып, сайт болды, «Дала мен қала» және оның орыс нұсқасы «Страна и мир» жабылды. Алайда бұл ауылда тұратын оқырмандар үшін тиімді емес. Ауылдық жерлерде интернетке қолжетімділіктің төмендігін ескере отырып, біз бұл оңтайландыру тиімсіз екенін көріп отырмыз. Астана мен Алматыға газеттің 35%, өңірлерге - 65% келеді. Біз көріп отырғанымыздай, Қазақстан аймақтарында газеттер әлі де сұранысқа ие.

«Казконтент» АҚ қарайтын e-history.kz сайт бірегей тарихи контентті, National Digital History және жаңа интерактивті мүмкіндіктері бар ауқымды порталға айналды. Сайттың жаңа дизайны мен логотипі әзірленді, жаңалықтарды шығару және беру жақсартылды, «қазақстандық» бөлімі қосылды.

«Казконтент» АҚ құрамына кіретін Vnews.kz сайтында өз жұмысының сараптама-лық-ақпараттық мәнін кеңейтті, әдеби портал adeviportal.kz сайтының редизайны өткізілді. Оның мобильді қосымшасын қосу жоспарлануда, оның көмегімен офлайн режимде кітаптарды оқуға, сондай-ақ аудиокітап тыңдауға болады.

«ҚазАқпарат» Халықаралық ақпараттық агенттігін жаңғырту оның техникалық инфрақұрылымын - компьютерлік паркті, бағдарламалық қамтамасыз етуді және блэйд-серверлік жабдықты жаңартудан бастады. Сайт аудиториясы тәулігіне 45 мың пайдаланушыны

құрайды. Бұл санды екі есе арттыру жоспарлануда, бұл агенттікке елдің ақпараттық нарығы көшбасшыларының бірі болуға мүмкіндік береді. Ресурс мобильді қосымшаны әзірлеуді, сондай-ақ жекелеген жобаларды енгізуді жоспарлап отыр. «Алайда, осыған қарамастан, Қазақстандағы желілік және Интернет-басылымдардың үлесі шамалы, БАҚ жалпы санының 7 %-ы ғана құрайды» [6].

Газеттің таралымын арттыру үшін Д. Пулитцер бір ғасыр бұрын ұсынған формула қазақстандық журналистикада кеңінен қолданылады. Белгілі журналист саяси жанжал, зерттеу, түрлі сенсация, спорт, әйелдер тақырыбы, иллюстрация, әзіл, жарнама үлкен таралымды қамтамасыз етеді деп санайды. Отандық баспасөз интернет-технологияларға және Қазақстандық ақпараттық кеңістікке енген абсолюттік бостандыққа дайын емес. Аудиторияның контентті пайдалануы ғана емес, сонымен қатар біздің баспасөзде контентті құру еркіндігі де бар. Сандық дәуірде контент мәтіні мен журналистика жанрлары өзгерді. Этикалық нормалар сақталмайды, сленгтерге басымдық беріледі. Бұл аудиториялар ойлау және сөйлеу сипатындағы өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді.

Әлеуметтік желілер арқылы тілдік, моральдық нормаларды сақтамай жазу жұртшылық үшін күтпеген мүмкіндік болды. Бұл сондай-ақ мазмұнды тұтыну заңдылығына әсер етті. Бұл қазақ журналистикасы үшін күтпеген жағдай. Интернет дәуірінде мәдени, тілдік, әлеуметтік, идеологиялық, ағартушылық және басқа да нормалар қалыптасты. Енді ақпараттың мазмұны мен құрылымы көпшілік алдында анықталады. Цифрландыру Қазақстан журналистикасы үшін қоғамға деген қарым-қатынасты өзгертті. Автор мен аудитория арасындағы шекаралар жойылды.

Web 2.0 желісі арқылы әлеуметтік желілерден, блогерлерден, жарияланымға пікірлерден шексіз ақпарат шығарылады. Енді ақпарат тек жаңалықтар агенттігінен ғана емес, аудиторияның өзінен де келіп түседі. Бүгінде аудиторияға оқиғаны кездейсоқ куәгер немесе кәсіби тілші жариялай алады. «Біздің ақпараттық ғасырда танымалдықты қолдан жасауға болады», - деді М. Маклюен [7]. Интернет-пайдаланушылар ақпараттық кеңістікте белсенді болды. Осылайша, әлеуметтік желіге ерекше қызығушылық жалпы көпшілік пен аудиторияның журналистикаға деген көзқарасын өзгертті.

Азаматтық журналистика ақпаратты таратуда жеделдікке ие. Алайда, ақпаратты тексеру - fact checking, оқиғаларды бағалау, іріктеу кәсіби журналистердің еншісі.

Жаңа медианың жеделдігін дәстүрлі БАҚ-тармен салыстыруға болмайды. Кез келген маңызды оқиға редакциялық өңдеусіз ұсынылады. 2019 жылы 1 қаңтарда Қарағанды қаласында армян ұлтының өкілі иелік ететін «Рим» мейрамханасындағы төбелес халыққа Facebook және Ватсап арқылы жедел тарайды. Мейрамханада жаңа жылды қарсы алған қазақ жастары мен мейрамхана қызметкерлерінің арасындағы қақтығыс салдарынан бір адам қаза тапты. Бұл оқиға қазақстандықтардың ызасын тудырды. Жүздеген адам далаға шығып, кінәлілерді жазалауды талап етті. Ақпараттың тек әлеуметтік желілер арқылы таралуының басты себебі 1, 2 қаңтар күні мерекені мерекелеуге байланысты баспасөз және телеарналар арқылы жаңалық тарату мүмкін болмады. Оқиға орнынан бейнетүсірілімдер, фотосуреттер салынып, пікірлер әлеуметтік желі арқылы үлкен резонанс тудырды. «Оқиға 1 қаңтарда болды, бірақ депутаттар тек 9 қаңтарда ғана ресми мәлімдеме жасады. Осы кезеңде ақпараттық кеңістікте бұл оқиға туралы 140 материал шықты. Олардың 95-і қазақстандық, 45-і шетелдік БАҚ-та. 108 материал түпнұсқа, сілтеме жасалған 32 материал қайта жарияланды. 8 қаңтарда ПМ ресми баспасөз мәслихатына дейін қазақстандық БАҚ-тардың ешқайсысында «армян» сөз жарияланбаған. Баспасөзде төбелеске қатысушыларының ұлты көрсетілмеген. ҚР ПМ мәлімдемесінен кейін «Армения азаматтары» термині қолданылды. 6 қаңтарда ел алдында сөйлеген Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошановтың сөз сөйлеуінде ғана эмоциялар байқалды [8]. Ал әлеуметтік желілерде күдіктілердің ұлты ашық жарияланып, ұлтаралық қақтығысқа теңестірілді. Толық және жан-жақты ақпараттың болмауына бай-

ланысты қақатығыс асқынды. Осыған байланысты Бас Прокуратура жалған ақпарат таратушыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы ескерту жариялады.

Осыдан шығатын қорытынды Қарағандыда болған оқиға туралы қазақстандық БАҚ-та ресми хабарламаларды жариялаумен шектелді. Зардап шеккендердің, қақтығысқа қатысушылардың, сарапшылардың пікірі берілген жоқ. Осылайша, дәстүрлі журналистика әлеуметтік желіден ұтылды.

Жаңа медиа кез келген оқиғаға «халықтың жеке пікірін» қалыптастырады. Соңғы бес жылда Солтүстік Африка мен Таяу Шығыста «араб көктемі» сияқты түсінбеушіліктердің өршуіне бұқаралық коммуникацияның әсері зор болған.

Бақылаусыз ақпарат тарату елдегі тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Соңғы жылдары қоғамдық формацияға сыртқы және ішкі әсердің күшеюі қазақстандық билікке ақпарат нарығы мен БАҚ-қа қоғам алдында жауапкершілік жүктейтін жаңа нормаларды енгізуге мәжбүр етті. Қазақстан жаңа медиа арқылы түсетін ақпаратты шектеуді заңнамалық реттеуге күш-жігерін салды. Бұл жағдайда мемлекет әлеуметтік желіні БАҚ-пен теңестіретін даулы заң нормаларын қабылдауға ұрынды.

Интернет туралы қабылданған жаңа заң интернет-қоғамдастыққа ғана емес, масс-медиаға да жаңа шектеулер енгізді. Заңда барлық интернет-сайттар, блогтар, чат және форумдар бұқаралық ақпарат құралдарына теңестірілді. Сот шешіміне бағынбаған жағдайда сайт бұғатталады, ал оның иесі өзінің доменін және осындай тақырыптағы домендік атауларды үш айға дейін мерзімге пайдалану құқығынан айырылады. Заңды жауапкершілікке интернет-ресурстарда жарияланған материалдар ғана емес, оларға жазылған пікірлер де кіреді. Блогерлер, өз парақшаларында жарияланған ақпарат пен түсініктемелер үшін жауап береді. Ал чатта жазылған сөздерді модератор бақылап отыруы керек. Бір қызығы, сотқа тек қазақстандық интернет-ресурстарға ғана емес, сондай-ақ кез келген елдің ресурстарына да шағым жасауға болады.

Медиа қоғамға көзқарасты қалыптастыру кезінде әртүрлі PR-технологияларды, маркетингтік құралдарды пайдалануды игерді. Журналистикада ақпарат ұғымының сипаты өзгерді. Дәстүрлі журналистикадағы ақпараттың шынайылығы құндылық болып саналды. Бүгін бірінші орынға ақпараттың шынайылығы емес, эксклюзив шықты. Сондықтан фейк жаңалықтар дәуірі дүниеге келді. Бұл жағдайда аудиторияны тарту үшін сапасыз контентке басымдық беру Қазақстан журналистикасындағы дағдарыстың көрінісі болып табылады. Алайда, контентті пайдалану құрылымының өзгеруі жаңа әдістемелердің пайда болуына алып келді.

Ақпарат тарату технологиясындағы өзгерістер қоғамда, оның ішінде қазақстандық журналистикада жаһандық әлеуметтік процестердің пайда болуына алып келді.

Журналистика - қоғамның өзгерістерге дайындығының айқын көрінісі. Бұл өзгерістер технологиялық ғана емес, әлеуметтік себептер бойынша да орын алады. Жаңа ақпараттық қоғамға көшу қоғамдағы әлеуметтік үдерістердің, жүйелердің және қатынастардың, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының жаһандануының көрінісі болып табылады. Қазақстандық медиа жаңа сандық технологияларға оңай бейімделді дей аламыз. Дегенмен, цифрлану қазақстандық медиа үшін коммуникацияның жаңа инновациялық құралдарын жасады.

Әдебиеттер тізімі

1 Медиарынок 2018: продажа Forbes, бум спортивного контента и победа мобильного трафика [Электр. ресурс] - URL: http://www.sostav.ru/publication/mediarynok-2018-34710.html?fbclid=IwAR3r6V38e3oVKdnIvwRM4c-_3W9LLeCdhF-YFoN_vbkWK6MPuCNfK-fxUPI (Қарастырған күні: 06.10.2019)

- 2 Мультимедийная журналистика: учебник для вузов / Под общ. ред. А.Г. Качкаевой, С.А. Шомовой - Москва: Изд. дом Высшей школы экономики, 2017. - 413 с.
- 3 Вартанова Е.Л. К чему ведет конвергенция СМИ? / Е.Л. Вартанова // Развитие информационного общества в России. Т. 1: Теория и практика. – Санкт-Петербург: Изд-во Санкт-Петербургского университета, 2001. – С. 157-164.
- 4 Баранова Е.А. Особенности развития газетных редакций в условиях медиаконвергенции: автореф. канд. дис. / Е.А. Баранова – Москва, 2011. С.9, 16.
- 5 Мамбетова И.К. Актуальные проблемы прессы Казахстана, 1991-2016 гг.: диссерт... кандидата филологических наук: 10.01.10 / И.К. Мамбетова - Москва, 2016. – 165 с.
- 6 ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің сайты. [Электр. ресурс] - URL: <http://mic.gov.kz/> (Қарастырған күні: 25.10.2019)
- 7 Маклюэн М. Понимание медиа: внешнее расширение человека. / М. Маклюэн – Москва: «Гиперборея», 2007. – 301 с.
- 8 Как СМИ освещали убийство и массовую драку в Караганде? [Электр. ресурс] - URL: <https://newreporter.org/2019/01/11/kak-smi-osveshhali-ubijstvo-i-massovuyu-draku-v-karagande/> (Қарастырған күні: 05.11.2019)

Л.Т. Кожаметова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Цифровые технологии в казахстанских масс-медиа

Аннотация. На трансформацию журналистики влияет цифровизация, то есть технологический фактор и появление глобальной сети интернет. Появление нового канала коммуникации привело к изменениям и в функциях журналистики. Технологическая новизна в массовой коммуникации повлияла, в частности, на социальную функцию журналистики. Новые технологии стали механизмом, последовательно поднимавшим на новый уровень не только средства массовой информации, но и казахстанское общество.

Вместе с тем влияние новых коммуникационных технологий не является односторонним процессом. Конфликт новых и традиционных средств сформировал новый подход к ценностям журналистики. Влияние новшеств в цифровую эпоху гораздо глубже по сравнению с прежней журналистикой, основанной на перенесении материального, вещевого. Одни из особенностей технологической революции - переход истины в виртуальный мир, интерактивность и глобальный характер. На сегодняшний день сменились не только методы распространения информации, но и среда ее пользователей. Казахстанская журналистика, адаптированная к новым условиям, экспериментирует с любыми способами распространения информации.

В статье проанализирована новизна цифровых технологий, приведенная в казахскую прессу, дана ее оценка на сегодняшний день.

Ключевые слова: интернет, СМИ, Интернет, пресса, онлайн, цифровые технологии, сайт.

L.T. Kozhakhmetova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Digital Technologies in Kazakhstan Mass Media

Annotation. The transformation of journalism is influenced by digitalization, that is, the technological factor and the emergence of the global Internet. The emergence of a new communication

channel has led to changes in the function of journalism. Technological innovation in mass communication has also influenced the social function of journalism. New technologies have become a mechanism that has consistently raised not only the media, but also Kazakhstan's society to a new level.

However, the impact of new communication technologies is not one-sided. The conflict of new and traditional means has shaped a new approach to the values of journalism. The impact of changes in the digital age is much deeper than the previous journalism, based on material, clothing transportation. Unlike previous technological revolutions, the transition of truth to the virtual world is interactive and global. To date, not only the methods of dissemination of information, but also the environment of its users have changed. Kazakhstan journalism, adapted to the new conditions, experiments any kind of information dissemination.

The article analyzes the novelty of digital technologies, given in the Kazakh press, the assessment to date.

Keywords: Internet, mass media, Internet, press, online, digital technologies, website

References

- 1 General provisions of the media Market 2018: sale of Forbes, the boom of sports content and the victory of mobile traffic [Electronic resource] Available at: http://www.sostav.ru/publication/mediarynok-2018-34710.html?fbclid=IwAR3r6V38e3oVKdnIvwRM4c-_3W9LLeCdhF-YFoN_vbkWK6MPuCNfK-fxUPI (Accessed: 06.10. 2019) [in Russian]
- 2 Multimedijnaya zhurnalistika: uchebnik dlya vuzov [Multimedia journalism: textbook for universities], Red. A.G. Kachkayevoy, S.A. Shomovoy [Ed. A.G. Kachkayeva, S.A. Shomova], (Izd. dom Vysshey shkoly ekonomiki, Moscow, 2017, 413 p.). [in Russian]
- 3 Vartanova E.L. K chemu vedet konvergentsiya SMI? [What is the convergence of the media?], Razvitiye informatsionnogo obshchestva v Rossii. T. 1: Teoriya i praktika [Development of information society in Russia. Vol. 1: Theory and practice], (St. Petersburg University publ., Sankt-Peterburg, 2001, P. 157-164.). [in Russian]
- 4 Baranova E.A. Osobennosti razvitiya gazetnykh redaktsiy v usloviyakh mediakonvergentsii: avtoref. kand. dis. [Features of the development of newspaper editions in the media: autoref. kand. dis.], (Moscow, 2011, P. 9-16.). [in Russian]
- 5 Mambetova I.R. Aktual'nyye problemy pressy Kazakhstana, 1991-2016 gg.: dissert... kandidata filologicheskikh nauk: 10.01.10 [Actual problems of the press of Kazakhstan, 1991-2016: dissertations ... cand. of philological Sciences: 10.01.10], (Moscow, 2016, 165 p.). [in Russian]
- 7 McLuhan M. Ponimaniye Media: vneshneye rasshireniye cheloveka [Understanding Media: External human expansion], («Giperboreya», Moscow, 2007, 301 p.). [in Russian]
- 8 Kak SMI osveshchali ubiystvo i massovuyu draku v Karagande? [How did the media cover the murder and mass brawl in Karaganda?], [Electronic resource] Available at: <https://newreporter.org/2019/01/11/kak-smi-osveshchali-ubiystvo-i-massovuyu-draku-v-karagande/> (Accessed: 05.11. 2019) [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Қожахметова Л.Т. - «Саясаттану және журналистика» факультетінің 1-курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нур-Сұлтан, Қазақстан.

Kozhashmetova L.T. - Ph D Student of the Faculty of «Political Science and Journalism», L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
Журналистика сериясы» журналында мақала жариялау ережесі**

1. Журналдың мақсаты. Қазақ баспасөзінің тарихы, журналистиканың теориялық және қолданбалы ғылымдары, қоғаммен қатынасы, көсемсөзі, баспасөз қызметі туралы мұқият тексеруден өткен материалдарды жариялау.

2. Журналда мақаланы жариялаушы автор Ғылыми басылымдар бөліміне (мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Бас ғимарат, 402 кабинет) қолжазбаның қол қойылған 1 дана қағаз нұсқасын тапсырады және **Word** форматындағы нұсқасын **vest_journalism@enu.kz** электрондық поштасына жіберу қажет. Қағазға басылған мақала мәтіні мен электронды нұсқасы бірдей болулары қажет. Мақаламен бірге автордың жұмыс орнынан **Ілеспе хат** та тапсырылуы қажет. Мақалалар **қазақ, орыс, ағылшын** тілдерінде қабылданады.

3. Авторлардың редакцияға мақалаларды жіберуі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысында» басуға және шет тіліне аударып, қайта басуға келісімін білдіреді. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы өз туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына, барлық көшірмелердің, кестелердің, сұлбалардың, иллюстрациялардың тиісті түрде рәсімдеуіне кепілдеме береді.

4. Ұсынылатын мақала көлемі (жекедеректер мен әдебиеттер тізімін қоса):
- мақалалар үшін - 8 ден 16 бетке дейін;
- сын пікірлер (монографияға, кітапқа) және конференция туралы пікір - 6 дан 12 бетке дейін болуы керек.

5. Мақала мәтінінің пішіні:
– Microsoft Word (docx) форматындағы файлда;
– Times New Roman шрифінде;
– жақтау жолағы 2x2x2x2;
– 1 жоларалық интервалы;
– 14 кегл;
– мәтінді жақтау көлеміне сәйкестендіру керек;
– Әрбір азатжол қызыл сызықтан басталуы қажет (1 см шегініс);
– транслитерация **Library of Congress (LC)** жүйесінде жасалуы керек.

Мақаланы құру сұлбасы:

XҒТАР <http://grnti.ru/> - бірінші жолдың сол жақтауында;
Автор(лар) туралы метамәліметтердің мазмұны (Рәсімдеу үлгісі / Образец оформления статьи / Template қараңыз)

Автор(лар)дың аты-жөні – жолдың ортасында қою әріппен жазылады;

Мекеменің толық атауы, қаласы, мемлекеті (егер авторлар әртүрлі мекемелерде жұмыс істесе, онда автордың тегі мен тиісті мекеменің қасында бірдей белгіше қойылады)

Автор(лар)дың E-mail-ы – жақша ішінде (курсивпен);

Мақала атауы – жолдың ортасында (жартылай қоюмен)

Аңдатпа – (100-200 сөз) формуласыз, мақаланың атауын мейлінше қайталамауы қажет; әдебиеттерге сілтемелер болмауы қажет; мақаланың құрылысын (кіріспе, зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі, зерттеу нәтижелері, қорытынды) сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұны берілуі қажет.

Түйін сөздер («Түйін сөздер» сөз тіркесі жартылай қоюмен белгіленеді) (5-8 сөз немесе сөз тіркестері) - Түйін сөздер зерттеу тақырыбын өте дәл бейнелеу керек, сонымен қатар, ақпараттық-ізвестіру жүйелерінде мақаланы жеңіл табуға мүмкіндік беретін мақала мәтінінің терминдерін және де басқа маңызды ұғымдарды қамтуы қажет.

Мақаланың негізгі мәтіні кіріспені, мақсат пен міндеттерді қойылуын, зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстардың шолуын, зерттеу әдістерін, нәтижелер/талқылау қорытынды қамтуы қажет (жоларалық интервал - 1, азат жол «қызыл жолдан» - 1 см, беттеу жолағы – еніне сай жасалады.

Кестелер, суреттер – аталғаннан кейін орналастырылады. Әр иллюстрация қасында оның аталуы болуы қажет. Сурет айқын әрі сканерден өтпеген болуы керек.

Мақаладағы формулалар тек мәтінде оларға сілтеме берілсе ғана нөмірленеді.

Жалпы қолданыста бар аббревиатуралар мен қысқартулардан басқаларына міндетті түрде алғаш қолданғанда түсініктеме берілуі қажет.

Қаржылай көмек туралы ақпарат бірінші бетте көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі. Мәтінде әдебиеттерге сілтеме тікжақшаға алынады. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміне сілтемелердің нөмірленуі мәтінде қолданылуына қатысты жүргізіледі: мәтінде кездескен әдебиетке алғашқы сілтеме [1, 153 б.] арқылы, екінші сілтеме [2, 185 б.] арқылы т.с.с. жүргізіледі. Мақаланың негізгі мәтініндегі кітапқа сілтеме қолданылған беттерді көрсету керек (мысалы, [1, 45 б.]).

Жарияланбаған еңбектерге сілтемелер жасалмайды. Сонымен қатар, рецензиядан өтпеген басылымдарға да сілтемелер жасалмайды (әдебиеттер тізімін, әдебиеттер тізімінің ағылшынша әзірлеу үлгісін төмендегі мақаланы рәсімдеу үлгісінен қараңыз).

Мақала соңындағы әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтер орыс және ағылшын тілінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылған болса) беріледі.

Авторлар туралы мәлімет: аты-жөні, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, жұмысының мекенжайы, телефоны және e-mail – қазақ, орыс және ағылшын тілінде толтырылады.

6. Қолжазба мұқият тексерілген болуы қажет. Техникалық талаптарға сай келмеген қолжазбалар қайта өңдеуге қайтарылады. Қолжазбаның кейін қайтарылуы, оның журналда басылуына жіберілуін білдірмейді.

7. Электронды корректурамен жұмыс істеу. Ғылыми басылымдар бөліміне түскен мақалалар жабық (анонимді) тексеруге жіберіледі. Эксперттер ұсынылған мақалаға оның жариялау мүмкіндігі, жақсарту қажеттілігі немесе қабылданбауы туралы дәлелді қорытындысын қамтитын жазбаша сын пікір береді. Жарамсыз деп таныған мақала қайтара қарастырылмайды. Мақаланы түзетуге ұсыныс берген жағдайда авторлар үш күн аралығында мақаланың корректурасын жіберу керек. Мақаланың түзетілген нұсқасы мен автордың рецензентке жауабы редакцияға жіберіледі. Оң сын пікірлер алған мақалалар оларды талқылау және басылымға бекіту үшін журналдың редакциялық алқасына ұсынылады.

Журнал жиілігі: жылына 4 рет.

8. Төлемақы. Басылымға рұқсат етілген мақала авторларына келесі реквизиттер бойынша төлем жасау қажет (ЕҰУ қызметкерлері үшін - 4500 теңге; басқа ұйым қызметкерлеріне - 5500 теңге).

Реквизиттері:

1) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»

БИН 010140003594

АО «Банк ЦентрКредит»

БИК Банка: КСJBKZKX

KZ978562203105747338

Кбе 16

Кнп 859

- 2) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «Bank RBK»
БИК Банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859
- 3) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16
Кнп 859
- 4) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16
Кнп 859

«За публикацию ФИО автора»

Provision on articles submitted to the journal “Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series”

1. Publication of carefully selected original scientific works in the field of journalism, publication of materials devoted to the scientific issues of the direction of historical, theoretical and applied research of journalism, public relations, journalism, publishing.

2. An author who wishes to publish a paper in the journal must submit the paper in one hard copy (printed version), signed by the author, to the scientific publication office (at the address: 010008, the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Satpayev St., 2. The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Main Administrative Building, Office 402) and by e-mail vest_journalism@enu.kz in Word format. At the same time, strict compliance between Word-version and the hard copy is required. And also the authors need to submit a cover letter.

Language of publications: Kazakh, Russian, English.

3. Submission of papers to the scientific publication office means the authors’ consent to the right of the Publisher, the L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish papers in the journal and their re-publication in any foreign language. By submitting the text of the paper for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about themselves, lack of plagiarism and other forms of unauthorized use in the article, proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, and illustrations.

4. The recommended volume of the paper (including metadata and references):

- for papers – between 8-16 pages;
- for reviews (of monographs, books), reviews on conferences – between 6-12 pages.

5. Text formatting requirements:

- Microsoft Word file format (docx);
- Times New Roman font;
- the size of the fields 2 * 2 * 2 * 2;
- line spacing 1,
- size 14;
- text alignment in width;
- each paragraph beginning with the main line (indent 1 cm);
- transliteration is carried out according to the Library of Congress (LC) system.

Structure of the article:

IRSTI <http://grnti.ru/> – first line, left

The content of the metadata about the author (see Рәсімдеу үлгісі / Paper template)

Initials and Surname of the author (s) – center alignment, italics

Full name of the affiliation, city, country (if the authors work in different organizations, you need to put the same icon next to the name of the author and the corresponding organization)

Author’s e-mail (s) – in brackets (italics)

Paper title – center alignment (bold)

Abstract (100-200 words) must not contain formulas or repeat the content of the paper; it must not contain bibliographic references; it must reflect the summary of the paper, preserving the structure of the paper – introduction, methodology and research methods, research results, conclusion.

Key words (the phrase «Keywords» is bold) (5-8 words/word groups). Keywords must be extremely accurate to reflect the subject area of the study, include terms from the text of the paper and other important concepts that make it possible to facilitate and expand the possibilities of finding the paper by means of an information retrieval system).

The main text of the paper must contain an introduction, setting goals and objectives, a review of works on the research topic, research methods, results / discussions conclusion / conclusions – line spacing – 1, «main line» indent – 1 cm, justified alignment.

Tables, figures must be placed after the mention. Each illustration must be followed by the inscription. Figures should be clear, clean, and unscanned. Only those formulas referenced in the text are subjected to numbering.

All abbreviations and shprtenings, with the exception of obviously well-known, must be decoded when first used in the text.

Information about the financial support of the work is indicated on the first page in the form of a footnote.

References. In the text, references are indicated in square brackets. References must be numbered strictly in the order of mention in the text. The first reference in the text to a reference must have the number [1, 153 p.], the second – [2, 185 p.], Etc. The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 45 p.]). Links to unpublished works are not allowed. Undesirable references to unlicensed publications are not recommended (examples of the description of the list of references, descriptions of the list of references in English, see below in the sample article).

At the end of the paper, after the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data in Russian and English (if the paper is in Kazakh), in Kazakh and English (if the paper is in Russian) and in Russian and Kazakh (if the paper is in English language).

Information about the authors: last name, first name, patronymic, scientific degree, position, affiliation, full business address, telephone, e-mail – in Kazakh, Russian and English.

6. The manuscript must be carefully verified. Non-compliant manuscripts will be returned for revision. Returning for revision does not mean that the manuscript has been accepted for publication.

7. Work with electronic proofreading. Papers submitted to the Department of Scientific Publications (editing office) are sent for anonymous review. Experts give a written review of the submitted paper with a reasoned conclusion about the possibility of its publication, the need to send for revision or (rejection) of the paper. Papers that have received a negative review are not accepted for reconsideration. Authors should, within three days, send the proofreading of the paper if it is decided to finalize the paper. Corrected versions of papers and the author's response to the reviewer are sent to the editor. Papers with positive reviews are submitted to the editorial board of the journal for discussion and approval for publication.

Periodicity of the journal: 4 times a year.

8. Payment. Authors who have received a positive opinion on publication must pay to the following banking details (for ENU employees – 4,500 KZT, for outside organizations – 5,500 KZT):

Requisites:

- 1) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
БИН 010140003594
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК Банка: КСЖВКЗКХ
KZ978562203105747338
Кбе 16
Кнп 859

- 2) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «Bank RBK»
БИК Банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859

- 3) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16
Кнп 859

- 4) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16
Кнп 859

«For the publication of the name of the author»

Положение о рукописях, представляемых в журнал «Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Журналистика»

1. Цель журнала. Публикация тщательно отобранных оригинальных научных работ в областях журналистики, связи с общественностью, публицистики, издательского дела.

2. Автору, желающему опубликовать статью в журнале, необходимо представить рукопись в твердой копии (распечатанном варианте) в одном экземпляре, подписанном автором, в Отдел научных изданий (по адресу: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, учебно-административный корпус, каб. 402) и по e-mail vest_journalism@enu.kz. При этом должно быть строго выдержано соответствие между Word-файлом и твердой копией. Также авторам необходимо представить сопроводительное письмо.

Язык публикаций: казахский, русский, английский.

3. Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя – Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева – публикации статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке. Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций.

4. Рекомендованный объем (включая метаданные и список литературы):

- для статей – от 8 до 16 страниц;
- для рецензий (на монографии, книги), отзывов о конференциях – от 6 до 12 страниц.

5. Требования к форматированию текста:

- формат файла Microsoft Word (docx); – шрифт Times New Roman;
- размер полей 2*2*2*2; – междустрочный интервал 1; – кегль 14;
- выравнивание текста по ширине;
- каждый абзац должен начинаться с красной строки (отступ 1 см);
- транслитерация осуществляется по системе Library of Congress (LC).

Схема построения статьи:

ГРНТИ <http://grnti.ru/> – первая строка, слева

Содержание метаданных об авторе (см. Рәсімдеу үлгісі / Образец оформления статьи / Template)

Инициалы и фамилия автора(ов) – выравнивание по центру (жирным)

Полное наименование организации, город, страна (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации)

E-mail автора(ов) – в скобках (начертание курсивом)

Название статьи – выравнивание по центру (начертание полужирным)

Аннотация (100-200 слов) не должна содержать формулы, по содержанию повторять название статьи; не должна содержать библиографические ссылки; должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи – введение, методологию и методику исследования, результаты исследования, заключение.

Ключевые слова (словосочетание «Ключевые слова» выделяется полужирным) (5-8 слов/словосочетаний). Ключевые слова должны предельно точно отражать предметную область исследования, включать термины из текста статьи и другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационно-поисковой системы).

Основной текст статьи должен содержать введение, постановку цели и задач, об-

зор работ по теме исследования, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы – межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» – 1 см, выравнивание по ширине.

Таблицы, рисунки необходимо располагать после упоминания. Каждой иллюстрации должна следовать надпись. Рисунки должны быть четкими, чистыми, несканированными. В статье нумеруются лишь те формулы, на которые по тексту есть ссылки.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

Сведения о финансовой поддержке работы указываются на первой странице в виде сноски.

Список литературы. В тексте ссылки обозначаются в квадратных скобках. Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1, 153 с.], вторая - [2, 185 с.] и т.д. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например, [1, 45 с.]). Ссылки на неопубликованные работы не допускаются. Нежелательны ссылки на нецензурируемые издания (примеры описания списка литературы, описания списка литературы на английском языке см. ниже в образце оформления статьи).

В конце статьи, после списка литературы, необходимо указать библиографические данные на русском и английском языках (если статья оформлена на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья оформлена на русском языке) и на русском и казахском языках (если статья оформлена на английском языке).

Сведения об авторах: фамилия, имя, отчество, научная степень, должность, место работы, служебный адрес, телефон, e-mail – на казахском, русском и английском языках.

6. Рукопись должна быть тщательно выверена. Рукописи, не соответствующие техническим требованиям, будут возвращены на доработку. Возвращение на доработку не означает, что рукопись принята к опубликованию.

7. Работа с электронной корректурой. Статьи, поступившие в Отдел научных изданий (редакция), отправляются на анонимное рецензирование. Эксперты дают письменную рецензию на представленную статью с мотивированным заключением о возможности ее опубликования, необходимости направить на доработку или (отклонении) статьи. Статьи, получившие отрицательную рецензию, к повторному рассмотрению не принимаются. Авторам в течение трех дней необходимо отправить корректуру статьи в случае принятия решения о доработке статьи. Исправленные варианты статей и ответ автора рецензенту присылаются в редакцию. Статьи, имеющие положительные рецензии, представляются редколлегии журнала для обсуждения и утверждения для публикации.

Периодичность журнала: 4 раза в год.

8. Оплата. Авторам, получившим положительное заключение к опубликованию, необходимо произвести оплату по следующим реквизитам (для сотрудников ЕНУ – 4.500 тенге, для сторонних организаций – 5.500 тенге):

Реквизиты:

- 1) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
БИН 010140003594
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК Банка: КСЖВКЗКХ
KZ978562203105747338
Кбе 16
Кнп 859

-
-
- 2) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «Bank RBK»
БИК Банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859
- 3) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16
Кнп 859
- 4) РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16
Кнп 859

«За публикацию ФИО автора»

Редактор: **Қайрат САҚ**
Жауапты редактор: **Ілияс Құрманғалиев**
Жауапты хатшы: **Гүлжазира ЕРТАСОВА**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясы.
- 2019. - 4 (129). - Нұр-Сұлтан: ЕҰУ. - 97 бет.
Шартты б.т. - 7.5 Таралымы - 25 дана
Электронды нұсқа: htl

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: (87172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
баспасында басылды